

ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚА БІЛІМ БЕРУ МИНИСТРЛІГІ

ХАЙРИДДИН СҮЛТАНОВ, МҰРТАЗА ҚАРШЫБАЕВ

ОТАН СЕЗІМІ

ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТИН МЕКТЕПТЕРДІҢ
5-СЫНЫБЫНА АРНАЛҒАН ОҚУ ҚОЛДАНБАСЫ

*Ұлттық идея және идеология ғылыми-практикалық
орталығы баспаға ұсынған*

Толықтырылып, қайта өңделген 4-басылуы

ТАШКЕНТ «МАЪНАВИЯТ» 2015

УЎК 37.05.6 = 512.122

ББК 74.200.50

С 85

Бұл қолданба жалпы орта білім беретін мектептердің 5-сыныбына арналған. Онда Отанға және отаншылдыққа байланысты білімдер мен ұғымдар Президент Ислам Каримовтың «Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch» және «O’zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітаптары негізінде байытылып, заманалық талаптар тұрғысынан баяндалған.

УЎК 37.05.6 = 512.122

ББК 74.200.50

Ж а у а п т ы р е д а к т о р :

философия ғылымдарының кандидаты Абдурахим Еркаев

Сұлтанов Хайдар

С 85

Отан сезімі: жалпы орта білім беретін мектептердің 5-сыныбына арналған оқу құралы / Х. Сұлтанов, М. Қаршыбаев; ӨзР Халыққа білім беру министрлігі. – Толықтырылып, қайта өндөлген 4-басылуы – Т.: «Маънавият», 2015. – 112 б.

I. Қаршыбаев Мұртаза.

ISBN 978-9943-04-133-2

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



– кілт сөздер



– мұқият оқы



– біліп ал



– шығармашылық
тұрғыдан ойла



– есте сақта



– сұрақтарға жауап тап

**Республикалық мақсатты кітап қорының қаржылары
есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-04-133-2

© Х. Сұлтанов, М. Қаршыбаев, 2015

© «Маънавият», 2015

КІРІСПЕ

Қадірлі окушы, қазіргі күндерде елімізде Тәуелсіздік мерекесіне арналған бұқаралық шараптар, сейілдер мен ойын-сауықтар өтіп жатыр. Тұған еліміз, оның тәуелсіздігі жөнінде тамаша сөздер, өлең-жырлар мен әндер тыңдаپ, егемендіктің қаншалықты ұлы да қастерлі байлық екенін баршамыз да шын жүректен сезініп отырмыз. Мінеки, нак осындағы сәттерде көкейімізде «Мынадай азат та абат Отанның лайықты перзенті болу үшін қандай қасиеттер қажет?», «Отан сезімі, Отанға деген сүйіспеншілік неден көрінеді?» деген сұрақтар туылатыны занды, әрине. Бұндай сұрақтарға жауап табу кезінде сендерге «Отан сезімі» оқулығы бірден-бір көмекші әрі кеңесші бола алады деп ойлаймыз.

Адамның дені сау, жан-жақты кемел азамат болып өсуінде Отан сезімі аса маңызды рөл атқарады.

Халқымыз бен Отанымыз сендердің дендерің сау әрі кемелденген азамат болып өсулерінді қалайды. Осыған орай еліміздің қалалары мен ауыл-қыстақтарында заманалық үлгілер бойынша мектептер, академиялық лицейлер мен кәсіптік-техникалық колледждер, жоғары оку орындары, медицина, мәдениет, спорт және өнер орталары, жана тұрғын үйлер салынып жатыр.

«Жастар тәрбиесі, кемел ұрпақ дегенде, біз Өзбекстан-ның ұлы да жарқын болашағын ескереміз»¹.

Жүргінде Отан сезімі жоқ адам шынайы адам бола алмайды, ол өзін өте-мөте дәрменсіз, фаріп жандай сезінеді.

¹ **Ислам Каримов.** Vatan va xalq mangı qoladi. –Т.: Ә.Науай атындағы Өзбекстан Үлттых қітапханасы, 2010 жыл, 131-бет.



Суреттерге назар аударыңдар! Оларда бейнеленген ұшақтардың екеуі де әсем. Дегенмен біздің еліміздің жалалуы түстес ұшақ айрықша ерекшеленіп көрінеді. Ол бейне шоқтай алауланып түрғандай болып сезіледі. Бұның себебі неде деп ойлайсың?

Сендер бүгін оқып-үйренуге кірісетін пәннің негізгі мақсаты халқымызға, елімізге адал, жанқияр жастарды тәрбиелеу болып табылады.

«Отан сезімі» пәнінің негізін қалаған адам – Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримов. Бұл пән Елбасымыздың 2001 жылы 18 қаңтарда қол қойған «Ұлттық идея: негізгі ұфымдар мен қағидаттар» пәні бойынша оқу бағдарламаларын жасау және республиканың білім беру жүйесіне енгізу туралы» Өкімі негізінде оқытылып келеді.



Өмірдегі барлық білімдер Отаннан, оны зерттеп-үйреноуден басталады. Адам баласы туылған соң ең алдымен Отанының ауасымен тыныс алады, сол Отаның рәмізі болып саналатын ананың мейірімінен, оның ақ сүтінен нәр алады.

Назар аударсандар, ана тіліміздегі көптеген сөздер мен тіркестер бір мағынаны, ары барса бірнеше мағынаны білдіреді. Ал «Отан» сөзі бүкіл өміріздің мәні мен мазмұнын өз бойына жинақтап алған. Сондықтан да Отанды зерттеу мен үйрену еш-

қашан таусылмайтын, өмір бойы жалғаса беретін үдеріс болып табылады.

Осы түрғыдан алғанда, «Отан сезімі» пәні Отан жөніндегі барлық білімдерді қамти алмайды. Оның негізгі міндеті – әлемдегі ең ұлы да қастерлі ұғым болып саналатын Отан сезімін өткен тарихымыздан, бүгінгі өмірімізден алынған мысалдар негізінде сендердің бойларына дарытып, қандарына сіңіру.

Мынаны ұмытпандар, бұл міндеттің үдесінен шығу көп орайда сендерге, сендердің ұқыптылықтарына байланысты. Біз сендердің әрбір тақырыпты мұқият игеріп, мектепте басқа пәндерден алып жатқан білімдерінді нығайтып отыруларынды қалаймыз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен қайсы пәндерге қызығасын?
2. Мына суреттер мен сен оқыған мәтін арасында байланыс бар ма?



1



2



3



4

3. Сенің мектебінде жақсы оқу үшін қандай жағдайлар жасалған? Сен оларды қалай пайдаланасын?
4. Сен келешекте кім болмақсын?
5. Сенің дені сау, кемел азамат болып өсуіңе ең аллдымен кім қамқорлық жасайды? Бұл үшін не істейу керек деп ойлайсын?



ОТАН – БІРЕУ ӘРІ ҚАСИЕТТІ

Кадірлі оқушы, біз Отан сөзін жи естіміз, Отанымызды шын жүректен сүйеміз де. Эйтсе де оны бейнелеуге, егжей-тегжейлі баяндап беруге қиналадамыз.



Отан – аса ұлы да қастерлі ұғым.

Біз тұған елімізді ұлы махаббатпен сүйген, бүкіл өмірін оның тәуелсіздігі мен жарқын болашағы жолында сарп еткен тұлғалардың Отан туралы пікірлерін оқысақ көп нәрсені біліп аламыз.

Елбасымыз Ислам Каримовтың Отанымыз жөнінде терең толғаныспен тебірене айтқан мына бір ойларына назар аударындар: «**Әрине, әлем – байтақ, дүниеде мемлекеттер көп. Десек те, бұл әлемде еш қайталанбас бір ел бар, ол біздің тұған жеріміз – Өзбекстан. Осынау әсем өлке, қасиетті топырақ тек бізге ғана арналған**»¹.

Ұлы ағартушы бабамыз Абдулла Авлони Отан жөнінде былай деген: «**Әрбір адамның туылыш-өскен қаласы мен мемлекеті сол адамның отаны деп аталады. Әрбір адам туылған, өскен жерін жанынан артық сүйеді. Тіпті бұндай отан сезімі жануарларда да бар. Егер бірер жануар өз отанынан – тұған топырағынан айрылса, өз жеріндегідей рақат-ләzzат таба алмайды, тұрмыстыршілігі нашарлап, әр кез жүргегінің бір түкпірінде отанына деген махаббатын сақтайды.**

Ата-бабаларымыз өз сезімдері мен сүйіспеншіліктерін қара сөзбен де, өлең-жырмен де толғап, кейінгі ұрпактарға жеткізуге тырысқан. Көрнекті ақын, көркемсөз шебері Тұманбай Молдағалиев Отан сезімін былайша сипаттайды:

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 90-бет.

Ойлайтын ылғи қамынды, әкен де – сенің Отаның,
Аяма шыбын жанынды, аспанға көтер атағын.
Ақ сүтін берген аямай, анаң да – туған Отаның,
Қызметіне жара да, кірlete көрме атағын».



Қадірлі оқушы, осынау үшін пікірдегі бір-біріне өте жақын мағыналарды бөліп көрсете аласың ба? Мәселен, «Десек те, бұл әлемде еш қайталанбас бір ел бар, ол біздің туған жеріміз – Өзбекстан» (бірінші пікір). «Әрбір адам туылған, өскен жерін жанынан да артық сүйеді» (екінші пікір). «Ақ сүтін берген аямай, анаң да – туған Отаның, Қызметіне жара да, кірlete көрме атағын» (үшінші пікір).

Аталмыш тіркестердің барлығында да Отанның біреу екендігі, ол үшін жанды да пида ету керектігі айтылып отыр. Тағы осында мағыналық жағынан ұқсас сөз тіркестерін табуға әрекет жасандар.

Отан деген сөздің мағынасы қазір өте терендеген. Бүгінде отан дегенде тек туған жерді ғана емес, ең алдымен өзіміз өмір сүріп жатқан, өзіміз азаматы болып отырған мемлекетті түсінеміз. Ал әрбір адам туылыш-өскен үй, махалла, ауыл немесе қала үлкен Отанның ішіндегі кіші отан болып табылады.



«Махалла» – ежелден келе жатқан сөз, ол адамдар қауымдасты өмір сүретін мекен деген мағынаны білдіреді.

Тарихта қолөнершилер махалласы, құмырашылар махалласы, наубайлар махалласы секілді махаллалар болған.

Махалла жақсылы-жаманды күндерде бір-біріне көмек беріп, өмірлік ділгірліктерді ұжымдаса отырып шешу қажеттігінен туған.



Көпшілік болып, ерікті түрде, бейтарап атқарылатын илgi жұмыстар «асар» деп аталған.

Асарлар бүгінгі танда қайта өріс алып келеді, жыл сайын Наурыз және Тәуелсіздік мейрамдары қарсаңында махаллалар-

да, ауыл-қыстактар мен қалаларда, тіпті мемлекет көлемінде жалпыхалықтық асарлар өткізу үрдіске айналды.

Тәуелсіздіктен бұрын махалла институтының қызметіне шек қойылған еді. Егемендік жылдарында махаллаға қоңіл бөлу айтартытай күшейді. Оған азаматтардың өзін-өзі басқару органы статусы беріліп, құқықтары мен өкілеттіктері заң жолымен ныфайтылды.

2003 жыл елімізде «Абат махалла жылы» деп жарияланды.



«Қыстак» – өзбек тілінен аударғанда «қыстап шығатын орын» деген мағынаны білдіреді.

Ерте замандарда ата-бабаларымыз көктем келісімен-ақ егін егу, бау-бақшаға қарау мақсатымен егіс алқаптарына шығып кететін болған. Ал таулы және шөлді аймақтардың түрғындары қолдарындағы малдарын бағу үшін қыр-адырлар мен тау қойнауларына жол алған. Күз келіп, өнім жиын-теріні біткен соң, адамдар қыстауға қайтып келген. Қысты қауымдастып үйлерде өткізген. Бұндай жағдай қазір де байқалады. Диқандар, шопандар мен бақташылар жаз маусымы келісімен-ақ егістік басына, шалғайдағы жайлауларға аттанады.



«Отан-ана деген ұлы да қастерлі ұғым адамзат үшін қыстақ мысалынан басталады»¹.

Тарихқа назар аударатын болсақ, әлемдегі ең ірі мемлекеттер де өуел баста шағын ғана қыстақ болғанын, жылдар, ғасырлар жылжып өткен сайын олар гүлденіп, канатын кенге жайып, үлкен қалаларға, кейде тіпті құдіретті державаларға айналғанын көреміз. Ертедегі Еуропа құрлығында ірі империяның негізін қалаған Рим қаласының тағдыры осыған мысал бола алады.

¹ **Ислам Каримов.** Vatanimizning bosqichma-bosqich va barqaror rivojlanishini ta'minlash – bizning oliv maqsadimiz. Шығармалар, 17-том. –Т.: «Узбекистон» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2009 жыл, 61-бет.



Бұғінгі танда халық тұтынатын азық-түлік өнімдерінің негізгі бөлігі ауылдар мен қыстактарда өндіріледі. Өзбекстан табиғатының ең әсем көріністерін – ақ басты тауларды, жап-жасыл қырлар мен төбелерді, ол шеті мен бұл шетіне көз жетпейтін ұшықиырсыз далаларды, зәмзәм сулы бұлақтар мен сай өзендерін, алуан түрлі жануарлар әлемін тек қыстактарға барғандағанда ғана көре аласыз. Әсіресе қарапайым да кішіпейіл, еңбекқор адамдар, санғасырлар бойы сақталып келе жатқан ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар ауыл-қыстактарға өзгеше түр мен сипат береді.

2009 жыл елімізде «Ауылды дамыту және көріктендіру жылы» деп жарияланды.



«Шаһар» сөзі көрікті орын, мемлекет, өлке, халық тыныздығындағы мекен деген мағыналарды білдіреді.

Тарихқа жүргінсек, ерте замандарда еліміздің аумағында алғашқы бекіністер мен қамалдар пайда болған. Өзара бірігудін, қауымдасудың нәтижесінде олар алғашқы ірі мемлекеттерге айналған. Жалғыз қаладан тұратын қала-мемлекеттер де бар.



Бұхара. Арк



Хиуа. Ишанқала

Мысалы, Еуропадағы Ватикан қала-мемлекеті бұған жарқын айғақ бола алады. Бірақ мемлекеттердің басым көпшілігі ірі аумақтарды, қалалар мен елді мекендерді қамтиды.



«Қала» яки «шаһар» сөзі өзбек тіліндегі «кент», «қорған», араб тіліндегі «бекініс», «мәдине» сөздерімен мағыналас болып келеді.

Біздің елімізде ежелгі және заманалық қалалар көп. Олар біздіңabyroy-мақтанышымыз болып табылады. Олардың бейнесінен біз Отанымыздың ұлы тарихын, баға жетпес материалдық және рухани мұраларын, бүгінгі даму дәрежесін, халқыныздың жасампаздық өлеуетін көреміз.

Кез келген мемлекеттегі жанарулар мен он өзгерістер, карыштап алға басу белгілері оның ірі қалаларынан, ең алдымен астанасынан басталады.



Ташкент қаласы 2007 жылы «Ислам мәдениетінің астанасы» деп жарияланды. Ал 2009 жылы Ташкенттің 2200 жылдық тарихи датасы мерекеленді.

Елімізде Бұхара, Хиуа, Терміз, Шахрисабз, Қаршы, Самарқант, Ташкент, Марғылан сынды тарихи қалалар бар. Бүгінгі таңда

олардың бет-бейнесі өзгеріп, әсем қалаларға айналып келеді. Сондықтан да біз оларды «Ежелгі әрі мәнгі жас қалалар» деп сипаттаймыз.

 «Ел», «өлке», «аймақ», «мемлекет», «республика» сөздері «Отан» сөзіне мағыналас сөздер болып саналады.

 Отанда өмір сұру – ең үлкен бақыт. Отаннан айырылу, одан безіну – орны толмас трагедия.

Біз өте бақытты жандармыз, өйткені әлемде теңдесі жоқ ғажап өлке – Өзбекстанда өсіп, кемелденіп келеміз. Еліміздің байлықтары – біздің байлығымыз, оның жетістіктері – біздің жетістігіміз. Бірегей Отанның лайықты перзенттері болу – әрқайсысымыздың қастерлі борышымыз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ауылың немесе махаллан қалай аталады? Оның мағынасын білесін бе?
2. Егер сен суретші болсан, Отаныңның суретін қалай салар едін?
3. Отан туралы бір шумақ өлең оқып бер.
4. Қарлығаштар жыл сайын көктемде өзі ұя салған үйді қалайша адаспай тауып келеді?
5. Мына суреттерге қарай отырып, адамдар мен жануарлардың бойындағы отан сезімі жөнінде әнгімелеп.



1



2



3



4

6. Еліміздің қайсы қалаларын білесін?

ТӘУЕЛСІЗДІК АЛАҢЫ

Қадірлі оқушы, әлемдегі әрбір мемлекеттің халқы үшін мақтаныш пен абырой рәмізіне айналған қасиетті де қастерлі орындар болады. Біз үшін Тәуелсіздік алаңы – осындай тәбәрік орын болып саналады. Ол астанамыз Ташкент қаласының қақортасына орын тепкен.



Тәуелсіздік алаңы 1991 жылы 5 қыркүйекте Президент Ислам Каримовтың жарлығына сәйкес құрылған.



Қане, айта қойышы, Тәуелсіздік алаңы еліміз егемендікке ие болғаннан неше күн кейін құрылды?

Бұл киелі алаң көптеген тарихи оқиғалардың күесі болған. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Сенаты, Министрлер Кабинеті, Президент аппараты тәріздес ең жоғары мемлекеттік мекемелер осы аланының айналасына орналасқан.

Ташкент метросының «Тәуелсіздік алаңы» станасасынан батысқа қарай жүрсек, назарымызға ең алдымен қардай аппақ бағаналары мен мандайшалары күн нұрына малынған Ізгілік аркасы ілігеді.



Тәуелсіздік алаңы



Арка сөзі шатыры жарты доға пішініндегі қақпа немесе сондай көріністегі сәулетті ғимарат деген мағынаны білдіреді.

Арка негізінде ірі тарихи оқиғалардың, жетістікке толы жорықтардың және айтулы жеңістердің құрметіне орнатылады. Францияның астанасы Париж қаласында Наполеон заманында құрылған Женіс қақпасы – Триумфальдық арканың аты бүгінде бүкіл әлемге әйгілі.



Ізгілік аркасы – Отанымыздың тәуелсіздігі, халқы-мыздың ізгі ииетті талпыныс-ұмтылыстары құрметіне орнатылған құнды ескерткіш.

Арканың үстіндегі Жер шарын қоршай көк жүзіне самағуға дайындалған тырналар бейнеленген. Олар – күннен-күнгे күшке толып, қарыштай дамып бара жатқан күн шуақты Өзбекстанның рәмізі. Ал сынар аяқтап тұрган ләйлектер бейбітшілік пен тыныштықтың, еліміздегі құп пен берекенің рәмізі болып табылады.

Тәуелсіздік алаңының төр жағынан Тәуелсіздік және ізгілік монументі бой көтерген. Бұл ескерткіш екі бөліктен – Өзбекстан аумағы түсірілген Жер шарынан және перзентіне жан шуағын төгіп тұрган Бақытты ана ескерткішінен тұрады. Жер шары монументі 1992 жылы орнатылған. Ондағы Өзбекстан аумағының бейнесі еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде әлемдік ортадан лайықты орын иелегендігін, ал егемендігіміздің мәнгілік екендігін білдіреді.

Отанымыздың рәмізі болып саналатын Бақытты ана ескерткіші 2005 жылы орнатылды. Ана өз перзентіне үлкен үміт, терең сеніммен көз тігіп, оның тәуелсіз елдің лайықты перзенті болуын тілеп тұр.





Елбасымыздың 2006 жылғы 3 қантардағы қаулысына орай Тәуелсіздік алаңындағы қастерлі ескерткішке Тәуелсіздік және ізгілік монументі деген ат берілді.

Ізгілік аркасы мен Тәуелсіздік және ізгілік монументін біртұтас іргетас жалғастырады. Яғни қос ескерткіш те халқымыздың иғі мақсат-мұдделерін бейнелеп тұр.

Ел-жұртыймыз мындаған жылдар бойы ізгі арман-үміттермен өмір сүріп келген. Осыдан шамамен үш мың жылдай бұрын дүниеге келген «Авесто» кітабында ізгі пікір, ізгі сөз бен ізгі ниет адам өмірінің негізгі қафидасы болуы керек деген идея бейнеленген. Бұл да ата-бабаларымыздың сонау ерте замандардан-ақ жақсылықты өмір мағынасы деп түсінгендейді.



Халқымыздың асқақ мақсаттарын бейнелейтіндігі себепті біз Тәуелсіздік алаңын Отанымыздың басты алаңы деп атайды. Оның қайталанбас сипатына қарап, бүкіл еліміздің, халқымыздың жандуниесін, жүрегінің соғуын көргендей боламыз.

Ұмытпандар, Тәуелсіздік алаңында құрылған сәулетті монументтер мен ескерткіштердің, жасыл желеекке малынған сквер

мен кешендердің, көк майсалы алаң-қайлар мен фажайып субұрқақтардың негізгі авторы әрі бастамашысы Елбасымыз Ислам Каримов болып табылады.

Тәуелсіздіктен бұрын бұл жер шөп те шықпайтын, темір-бетон төсөлген сиықсыз әрі берекесіз орынға айналған еді. Бүгінгі таңда еліміздің алыс-жақын қалалары мен ауыл-қыстактарынан жерлестеріміз, әлемнің сан түкпірінен шетелдік туристер келіп, Ташкенттің, сүйікті Өзбекстанымыздың шырайлы кескін-келбетін сүйсіне тамашалап, оны жаңадан ашқандай болады.

Жыл сайын Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Елбасымыз Тәуелсіздік және



Тәуелсіздік және ізгілік монументі


ізгілік монументінің босағасына гүл қояды. Елімізге келген шетелдік қонақтар, құзырлы халықаралық ұйымдардың басшылары, жұртшылық өкілдері де біздің Отанымызға, халқымызға білдірілген ұлы құрметтің бейнесі ретінде осы монументке гүл қойып, аланды тамашалап, оның әсемдігінен, сұлулығынан ләzzат алады.

Тәуелсіздік алаңының шығыс жағында Сайыпқыран Әмір Темір бабамыздың ескерткіші және оның атымен аталатын саябак, «Өзбекстан» форумдар сарайы, Темурилер тарихы мемлекеттік мұражайы, Симпозиумдар сарайы, Әлішер Назаи атындағы Өзбекстан ұлттық кітапханасы, Жастар шығармашылық сарайы, Бейнелеу өнері галереясы, Бизнес орталығы сынды бір-бірінен әдемі ғимараттар мен кешендер орын тепкен.

Солтүстік жақта Еске алу алаңы, Азалы ана ескерткіші, «Түркістан» сарайы секілді сөүлетті құрылыштар бой көтерген.

Ал онтүстік жақта Сенат үйі мен алаңы, Министрлер Кабинеті, Президент аппараты ғимараттары, жасыл желекке бөленген саябак көздің жауын алып тұр.

Батыс жақтан зәмзәм сулы Анхор каналы мен оның жағалауына орналасқан қалың ағашты шағын орман, жанаша тұр мен сипат берілген «Пахтакор» стадионы, ол жерде алу-



Азалы ана ескерткіші



Бейнелеу өнері галереясы



Жастар шығармашылық сарайы

ан түрлі спорт ойындарымен айналысып жатқан жастар мен мұндалайды.

Тоқ етерін айтқанда, Тәуелсіздік алаңына барғанымызда, халқымыздың жанқиярлық еңбегі арқасында жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарды, тендесі жоқ өзгерістердің жарқын бейнесін көргендей боламыз, жандуниеміз қуанышқа бөленип, жүрегімізді мақтаныш сезімі кернейді.

Тәуелсіздік бізге сан ғасырлық тарихы бар игі жұмыстарымызды, құндылықтарымыз берілген дәстүрлерімізді одан ары жалғастыру, ешкімнен кем болмастан жарқын да ауқатты өмір сұру мүмкіндігін берді. Біз Тәуелсіздік алаңында достарымызбен, жаңұямыздың мүшелерімен бірге серуендергенімізде, жоғарыда айтылған сөздердің ақиқаттығына тағы да көз жеткіземіз.



Cұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бұдан бұрын Тәуелсіздік алаңы жөнінде нелерді білетін едің?
2. Суретке қарай отырып, Ізгілік аркасының неше бағаны бар екенін айта аласың ба?



3. Суретке қарай отырып, Бақытты ана мен Азалы аナンың бет әллpetтінің көрінісін сипаттандар.



1



2

4. Тәуелсіздік туралы өлең немесе ән айта аласың ба?

ОТАНДЫ ҰҒЫНУ

Қадірлі оқушы, Отанды ұғыну үшін оны шын жүректен сұю, туған жердің тарихы, оның бүгінгі дамуы, адамдары, табиғаты жөнінде көп нәрселерді білу қажет.

Отанның нақты бір аумақпен байланысты екенін мойында-майтын, «Біз үшін бүкіл жер жүзі – отан» деген ұғыммен өмір сүретін адамдарғының тұрғыдан космополиттер деп аталады. Бұндай жандар негізінде отансыздық идеясын насиҳаттайды. Бұл көзқарас өте зиянды.

Ғылымда тағы бір ұғым – отырықты өмір деген сөз де бар. Ол Отан ұғымымен тығыз байланысты.



Отырықты өмір бір орында тамыр жайып, сол топырақты сүйіп өмір сүру дегенді білдіреді.

Отырықты халықтар өлемдік мәдениеттің дамуына елеулі үлес қосқан.

Біздің халқымыз атам заманнан-ақ отырықты өмір сүрген ежелгі халықтардың қатарына жатады.



Хиа. Үлкен мұнара



Бұхара. Мұнаралы калон



*Суреттерге зер салып қара, ұдайы көшіп жүрген халық
осындағы ежелгі ескерткіштерді тұрғыза ала ма?*



Самарқант. Шердар медресесі

Еліміздің барлық тұкпірлерінде анар ағашы өседі. Бірақ еш жердің анары Хиуаның немесе Шахрисабздің анарына тең келе алмайды. Өлкеміздің барлық аудандарында әнжір өседі. Бірақ олардың ішінде Самарқант әнжіріне тең келетіні жоқ. Ұлы бабамыз Захириддин Мұхаммед Бабыр Мауароуннахр уәляяттарындағы қауындар жөнінде әнгімелеп, Бұхара қауынына айрықша тоқталады: «Бұхарада қауынның барлық түрлері бар әрі олар басқалардан ерекше дәмді».

Балалар құм немесе топырак үстінде ойнаған кездерінде лай илеп, одан үйшіктер, мұнаралар тұрғызуға әрекет жасайды. Ал бұл отырықты өмір сүру біздің қаңымызы да сіңіп кеткенін көрсететіні даусыз.

Отан атты киелі орын табиғатының, сувы мен ауасының, кіршікіз аспанының өзіне ғана тән ерекшеліктері бар. Мәселен,

Аңыз

САМАРҚАНТТЫҢ НАНЫ



Айтуларына қарағанда, ерте замандарда Бағдат патшаларының бірі Самарқанттың нанына өуесі келіп, өз елінің астанасында да нақ осындаі дәмді нан жабуды қолға алмақшы болыпты. Ол сол мақсатпен Самарқанттың әйгілі наубайын алдырады. Самарқанттық шебер өз қаласынан топырақ әкеліп, лай илеп, тандыр салу қажеттігін айтады. Оның айтқаны орындалады. Шебер енді Самарқант-

тан отын әкелу керектігін мәлімдейді. Бұл тілек те орындалады. Самарқанттың сүс мен ұны әкелініп, қамыр иленеді. Барлық нәрсе сақадай сай күйге келтірілген соң патшаға хабарланады. Ол наубайға қарап: «Қош, қажетті нәрселердің барлығы дайын ба, дайын болса, жұмысты баста!» – деп бұйырады. Сонда наубай кешірім сұрап: «Тақсыр, өлі барлық нәрсе дайын болған жоқ», – дейді. Сосын бұл істі орындаудың мүмкіндігі жоқ екеніне билеушінің көзі жетсін деген оймен соңғы шартын айттыпты: «Тақсыр, енді Самарқанттың ауасы мен күні болса жеткілікті, сонда нан жабуды бастаймын».

Осылайша наубай әрі жазадан, әрі мүмкіндігі жоқ істі жүзеге асырудан құтылған екен.



Қадірлі оқушы, сенің ойыңша, күн мен ауаны бір жерден екінші жерге апаруға бола ма? Ата-бабаларымыздың: «Жерімізге, ауамызға дұға дарыған», – деген сөздерін қалай түсінеміз?

Әлемдегі әрбір халықтың, ұлт пен ұлыстың өзіне тән өмір сұру салты, ұлттық дәстүрлері олар мекен еткен орынмен тікелей байланысты түрде қалыптасады. Яғни олар да отырықты өмірдің өнімі болып табылады. Мәселен, өзендер мен теніздер жағалауын мекендеғен халықтардың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері шөл және шөлейт жерлерде өмір сүретін халықтардікінен мүлдем өзгеше болады.



«Халқымыздың тұрмыс салты мен сана-түйсігіне назар салатын болсақ, оның басқаларға мүлдем ұқсамайтын, мындаған жылдар барысында қалыптасқан, өзара қарым-қатынастаған емес, бәлкім, өміріміздің мызығымас бір бөлігі сипатында көрінеттің бірқатар өзіндік ерекшеліктерін байқаймыз. Мысалы, тіліміздегі мейір-шапағат, мейір-махаббат, қадір-құрмет, өзара сыйластық деген, бірін-бірі терең мағына-мазмұнмен байытатын және толықтыра түсетін ұғымдарды алайық. Қаншалықты өрескел көрінгенімен, бұл ұғымдарды өзге тілдерге аударудың өзі қын әрі күрделі»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 8-бет.

Отанның өзіне тән ерекшеліктері тіпті адамның бет-әлпептінен, кескін-келбетінің түзілісінен де көрініп тұрады. Мәселен, өзбекті жапоннан, арабты түріктен, латынамерикалықты еуропалықтан бет-әлпеті мен көзіне қарап айыруға болады.

Тағдыр талабына байланысты адам баласы өз елінен жыракта өмір сүріп, сол жақта қалып кететін болса, жан дүниесінде Отанынан мұра болып келген ыстық сезімдер мен сүйіспеншілік қайта оянады да, оны туған топырағына шақыра береді. Бұндай жағдайды кейбіреулер: «Ата-бабамның рухы шақырып жатыр», – деп түсіндіреді. Сенің «Әдебиет» оқулығында грузин жазушысы Нодар Думбадзенің «Хелладос» – «Отан» атты әңгімесі бар. Онда өмірдің осынау зандылықтары өте әсерлі суреттелген. «Хелладос» – Греция мемлекетінің ежелгі атауы. Оны ертедегі Эллада деп те атайды. Ең қызығы сол, бұл әңгіме Греция туралы емес, жүрек төріндегі Хелладос – рухани Отан жөнінде.

Біздің ұлы ата-бабаларымыз әрқашан Отанға деген сүйіспеншілікпен өмір сүрген.



«Шыңғысхан сондай бір жойқын күш еді, әлемдегі мен деп кеуде керген небір асылзадалар оның алдында тізе бүгіп, құлдық етуге де дайын тұрды. Мұхаммед Хорезмшаһтың¹ айналасындағы бектердің көпшілігі де жау қолына тұсуді аbzал көрген кезде Жалолиддин бұл пікірге қарсы шығып, өзінің тенденсі жоқ ерлігі мен қайсарлығын паш етті. Сол кезге дейін женіліп көрмеген монгол әскеріне қарсы ол он бір жыл бойы тоқтаусыз күрес жүргізді. Жалолиддиннің басқыншыларға ойсырата соққы бергендігі соншалықты, тіпті Шыңғысхандай зымиян да айлакер, дүниенің тен жартысын бас игізген қандықол әскербасы да оны мойындауга мәжбүр болды»².

¹ **Мұхаммед Хорезмшан** – Хорезм билеушісі, Жалолиддин Мангубердинің әкесі.

² **Ислам Каримов.** Ozod va obod Vatan, erkin va farovon hayot – pirovard maqsadimiz. –Т.: «Узбекистон» баспасы, 2000 жыл, 73-бет.

Адамды туған жерінен, ата мекенінен айыру, оны өз орнынан қозғау ең үлкен күнә болып саналады. Әрбір адамның үйі – оның ешкім қол сұға алмайтын қасиетті отаны. Сондықтан да халқымыздың дәстүріне орай күтпеген жерден біреудің үйіне баруға тұра келсе, үй иесінен міндettі тұрде кешірім сұрау қажет. Ата-бабаларымыз тек адамды ғана емес, тіпті кез келген жануарды да өз отанынан айыруды күнә деп санаған.



**Ургеніш. Жалолиддин
Мангуберді ескерткіші**

Аңыз

ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ОТАНЫ

Әлішер Науай бір басқосудан тұра салысымен-ақ үйіне қарай жүгіре жөнеледі. Кейінірек достары бұның себебін сұрайды. Сонда Әлішер Науай былайша жауап береді: «Жолшыбай менің шалғайыма бір құмырсқа жабысып, бірге келген еken. Бейшара отанынан айырылып қалыпты ғой деп оны өзінің мекеніне апарып тастадым. Асыққанымның мәнісі сол еді».



Есіңде болса, алғашқы сабағымызда жануарларда да отан сезімі бар деген едік. Сол сөздерді мына аңызben салыстырып, өз пікіріңді айт.

Дүниеде небір жауыз құштер бар, олар тұтас халықтарды да отанынан айырып, жүрдай етеді. Мәселен, тәуелсіздіктен бұрын өмір сүрген кенес өкіметі қырым татарларын өз отандарынан қуып шығып, оларды басқа өлкелерге, соның ішінде біздің елімізге де жер аударды. Осының салдарынан қырым татарлары жарты гасырдан астам уақыт бойы туған жерлерінен жырақта өмір сүрді. Тек кенес империясы күйрекеннен кейін ғана олар туған мекеніне – Қырым түбегіне қайта оралды. Біздің халқымыз ата-бабаларының дәстүрлеріне адалдық танытып, ауыр күндерде оларға серік болды, жанашырылған танытып, өз араларынан орын берді.

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында халқымыз КСРО-ның фашистер басып алған аумактарынан көшіріп әкелінген, ұзын саны 1 миллионнан асатын түрлі ұлт өкілдерін – әбден азып-тозған, киім-кешексіз, баспанасыз қалған, мейірімге мұқтаж халықты өз қамқорлығына алды. Солардың 200 мыңдан астамы жас балалар еді. Тек Ташкент қаласының өзінде 2323 жетім бағаны жергілікті түрғындар асырап алды. Олар халқымыздың мейірім-шапағаты арқасында Өзбекстанға перзенттік махаббат-пен мәңгілік байланып қалды. Бұл адамдар үшін біздің еліміз нағыз Отанға айналды.

Ел-жұртимыздың бұндай мейірімділігі Отанда өмір сүрудің қандай ұлы бақыт екендігін, отансыздықтың қаншалықты үлкен трагедия екендігін дәлелдейді.

Қорыта айтканда, Отанды сезіну – адам баласы үшін өмір бойы жалғаса беретін үдеріс. Адам өзін, өзінің қадір-құрметін сезінген сайын Отанын да теренірек түсініп, сүйіспеншілігі арта береді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен қонаққа жіі барып тұрасын ба?
2. Қонаққа барғанда өзінді қалай сезінесін? Үйінде ше?
3. Қапастағы құс пен еркін ұшып жүрген құс арасында қандай айырма бар?
4. Мына суреттегі үй жануарларының аттарын ата. Неліктен оларды үй жануарлары дейміз?



1



2



3



4

5. Сенің ауылында немесе қаланда қай жеміс ағашы көбірек? Неліктен олай?

БЕЙБІТШІЛК – БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҚ

Қадірлі окушы, біздің елімізде ежелден келе жатқан және заманалық тамаша мейрамдар көп. Солардың бірі 9 мамыр – Еске алу және қастерлеу күні болып табылады.

Еске алу және қастерлеу күні елімізде 1999 жылдан бері қеңінен мерекеленіп келеді.

Бұл мейрам Екінші дүниежүзілік соғыста қаза тапқан, елжүртшымыздың азаттығы мен гүлденеуі жолында күресіп, еңбек еткен, бұл дүниеден көз жүмған барлық адамдарды еске алу, бүгінгі таңда қарттық зейнетте отырған соғыс және еңбек арда-герлерін қадірлеп-қастерлеу мақсатымен белгіленген.

 «Еске алу» сөзі еске түсіру, жадында сақтау, ұмыттай өмір сүру деген мағыналарды білдіреді.

Бұл мереке күндерінде бакильтық болғандар еске алынып, олардың қабір-молаларына зиярат жасалады. Карттар құттықталып, оларға естелік сыйлықтар тарту етіледі, ізгі тілектер айтылады.

 «Қастер» сөзі бірер заттың немесе адамның бағасы мен маңызын дұрыс бағалап, оны қадірлеу, құрметтей, ардақ тұту дегенді білдіреді.

Әсіресе 9 мамыр күні Отанымыздың астанасы – Ташкент қаласының орталығында орналасқан Еске алу алаңы ерекше жасанып, үлде мен бұлдеге бөлөнеді. Таң атысымен-ақ бұл жерге Екінші дүниежүзілік соғысқа қатысқандар, сол сұрапыл жылдарда майдан тылында ерен еңбек ерлігін көрсеткен жерлестеріміз, еңбек ардагерлері, жұртшылықтың, мемлекеттік және беймемлекеттік ұйымдардың өкілдері, махаллалардың белсенділері, жастар, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері жинала бастайды. Зиярат орнына Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримов келеді. Елбасымыз соғыс және ең-



бек ардагерлерімен, жұртшылық өкілдерімен қауышып, оларды мерекемен шын жүректен құттықтайды.

Алаңның төріне – шығыс жаққа орналасқан Азалы ана ескерткішіне гүл қойып, Екінші дүниежүзілік соғыста құрбан болған отандастарымызды еске алу құрметін орындау бұл рәсімнің ең толғаныс пен толқуға толы сәттері болып саналады.

Осыдан кейін алаңның солтүстік және онтүстік жақтарына

орын тепкен бастырмалар астындағы соғыста қаза тапқандардың аты-жөндері, туылған және қаза тапқан жылдары облыстарға бөлініп жазылған алтын әріпті тақтайшаларға көз жүгіртіліп, марқұмдар тағы бір рет еске алынады.



Мемлекет басшысының бұқаралық акпарат құралдағына беретін интервьюі рәсімнің ең маңызды оқиғасы болып саналады.

Елбасымыздың 2013 жылғы 9 мамырда берген интервьюю «Өзбек халқына бейбітшілік пен амандық керек» деген жігерлендіргіш сөздерімен жұртшылықтың есінде қалды. Нак осы атпен кітап болып баспадан шыққан бұл интервьюде ең алдымен Екінші дүниежүзілік соғыста қол жеткізілген женіс біздің халқымыз үшін өте қымбатқа түскені атап көрсетілді.



Соғыстан бұрын Өзбекстанда 6,5 миллионға жуық халық болса, соның 1,5 миллионы қантөгіс шайқастарға қатысқан. 500 мыңға жуық жерлесіміз майдан даласында қаза тапқан. Мындаған адамдар хабар-ошарсыз кеткен немесе мүгедек болып оралған.



Алты жарым миллион адамның төң жартысын бала-
лар мен қарттар құраған болса, еңбекке жарамды халықтың қаншасы соғысқа қатысқан? Майданға аттан-
ғандардың орнына еңбек ету жүргі кімнің мойнына түскен?

Өкінішке орай бүгінгі таңда бүкіл әлемде, айнала-төнірегімізде алуан түрлі қайшылықтар мен қактығыстар қаупі қөбейгені, лаңкестік, содырлық сияқтылардың өрши түскені, фашизм атты апаттың тағы да бас көтеріп келе жатқаны адамзаттың өткен тарихтан әлі де тиісті қорытынды шығармағандығын көрсетеді.

Ауғанстанда отыз бес жылдан бері соғыс жүріп жатыр. Ал бұл өз кезегінде біздің еліміздегі, бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа елеулі қатер төндіріп отыр. Сол соғыс барысында бұл мемлекетте бейбіт өмірдің не екенін білмейтін бір үрпақ өсіп жетілді.



«Бізге бейбітшілік керек деген ұран бүгінде бүкіл халқымыз үшін бірден-бір ұран болып қалуға тиіс. Өзбекстанға бейбітшілік керек, бейбіт өмір керек. Дамуымызға бөгет болатын ешқандай кедергі керек емес»¹.



Халқымыз батаға қол жайғанда, Жаратқаннан ең алдымен тыныштық, амандық болуын сұрайды. Бұл екі сөз ел-жүртіміздың сана-түйсігіне сіңіп, өмірінің мазмұнына, ұлттық құндылығына айналып кеткен.

Отандастарымыз беттен өпкен күннің шуағын, кіршіксіз аспанды бейбітшілік пен тыныштықтың, мамыражай тоқшылықтың ең маңызды белгісі деп санайды.



Бейбітшілік бар жерде даму да бар. Өзара құрмет пен ынтымақ жоқ жерде ешқашан даму да болмайды.

¹ **Ислам Каримов.** O'zbek xalqiga tinchlik va omonlik kerak. –Т.: «Узбекистон», 2013 жыл, 27-бет.





Бейбітшілік аспаннан түспейді. Тәуелсіз дамуымыздың, гүлденген өміріміздің негізі болған бейбітшілік пен тыныштық үшін аянбай күресу, қажет болса, жанқиярлық көрсету керек.



Бейбіт те тыныш өмірдің, баянды тұрақтылықтың ең маңызды шарты – бейғамдық пен самарқаулыққа жол бермей, әрқашан сергек, жан-жақты қырағы да сезгіш болу, тарихтан, откеннен тиісті қорытынды шығарып өмір сұру.

Елбасымыздың кітабында нақ осындай көзқарас пен көніл күй барлық отандастарымыздың өмірлік мақсатына айналуы қажет екендігіне баса назар аударылған.

Кадірлі оқушы, бұл шығарманың қыскаша мазмұнынан көріп тұрганыңдай, онда өте-мәте маңызды әрі көкейkestі пікірлер айтылған. Сол мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыруға үлес қосу үшін сен ең алдымен жақсы оқуға, бір минут уақытынды да босқа жібермей, тынымсыз ізденуге, ата-анаң мен ел-жұрттыңын қызметіне әрқашан дайын болуға, Отан-анамызды шын жүректен сүйіп өмір сұруге тиіссін.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен Еске алу және қастерлеу күнінде алдымен кімді құттықтайсың?
2. Бейбітшіліктің қадірін қалай түсінесін?
3. Сенің ата-бабаларыңың арасында соғыс және еңбек ардағерлері бар ма? Олар туралы әңгімелеп бер.
4. Мына суреттерде бейбітшілік белгілері қалай бейнеленген?



1



2



3



4

ОТАН СЕЗІМІ

Қадірлі оқушы, адам баласының сезім-түйсіктері де ол өмір сүріп жатқан мекенге тікелей байланысты.

Сен ағылшын жазушысы Киплингтің «Маугли» шығармасы негізінде түсірілген кинофильмді көрген шығарсын. Онда жас баланың ормандағы хайуанаттар ортасында өмір сүріп, сезім-түйсіктері де сол ортаға сәйкес өзгеріп кеткені жөнінде әңгімеленеді.

 **Отан сезімі адамға өмір бойы серік, онымен үндес болады.**

Отаның аты аталысымен-ақ оның құшағында өткен жылдарымыз, ата-анамыз, сүйікті отбасымыз еске түседі, жүрегіміз қуанышты сезімдерге толады.

Еліміздің қайталанбас табиғатын тамашалағанда, оның байлықтарын пайдаланғанда, шалғай елдердегі отандастарымызben дидарласқанда, олардың спорт, мәдениет, өнер және басқа салалар бойынша иелеген жетістіктерін естігенде, әрине, сөзсіз қуанамыз.

Отан сезімі адамның бойына ананың әлдиімен, ата-бабалардың үгіт-насихатымен, әкенің үлгі-өнегесімен, жанұя мен мектептің тәрбиесімен, біліммен және ана табиғатпен қарым-қатынас барысында дариды. Отан сезімі қыын-қыстау сәттерде адамға күш-куат береді, халқымызды, елімізді әлемге танытуға, ата-бабаларымыздың ұлы дәстүрлеріне адал болуға шақырады.

Әдетте адамдар шетелге бармақшы болса, Отаның еске түсіріп тұратын әлдекәндай бір затты өзімен бірге ала жүреді. Ата-бабаларымыз алыс өлкелерге сапар шеккенде туған жердің бір уыс топырағын алып, орамалға байлап жүрген. Сонау қырыларда Отанға деген сағыныш жүректерін өртеген кезде сол топыракты ііскеп, көздеріне басып, сүйікті елінің мейіріміне, тынысына қанған.



Ұлы тұлғалардың жүргегінде Отанға ұмтылу сезімі күшті болатындығы соншалықты, олар тірі кезінде ғана емес, тіпті бұл дүниеден көз жұмғаннан кейін де туған жер топырағын аңсап жатады. Киырдағы Үндістан өлкесінде патшалық құрған Захириддин Мұхаммед Бабыр атамыз да дүние саларынан бұрын денесін Үндістанда емес, өз Отанына жақынырақ жер – Ауғанстанның қазіргі астанасы Қабул қаласына жерлеуді өсietетken. Ұлы бабамыздың мәйіті бүгінде сол Қабул қаласында жатыр.

Отанымыз Тәуелсіздікке ие болған соң Бабыр туылған топырақ – Әндіжан қаласында оның рәміздік қабірі орнатылып, үлкен бақ өсірілді.



Отан сезімі адам бойындағы мұрагерлік сезімімен де тығызы байланысты. Мұрагерлік – адамдағы ең маңызды ерекшеліктер мен құндылықтардың әкеден-балаға, үрпақтан-үрпаққа мирас болып өтуi дегенді білдіреді.

Біз қазір ғана тілге алған Бабыр атамыздың мұрагерлері – Бабурилер әuletінің көптеген өкілдері де өз атамекендері – Өзбекстан топырағында өмір сүрмегенімен, отан сезімі оларды осынау қасиетті өлкеге шақырып тұрган. Олардың бүгінгі үрпактары да бұл өнірді өздерінің тарихи Отаны деп санайды.

Тарихи Отан сезімі басқа халықтарға да тән. Мәселен, бүгінгі таңда Америка құрлығында өмір сүріп жатқан халықтардың атабабалары ерте замандарда Еуропадан көшіп барған. Сондықтан да бұл халықтың бүгінгі ұрпақтары Еуропа мемлекеттерін өздерінің тарихи отаны деп таниды.

Біздің ата-бабаларымыз мұрагерлік дәстүрлерді сақтап қалу үшін өздерінің ататек тарихын – шежіресін жазып отырған. Бұл да болса – Отанға деген сүйіспен-шіліктің, оның тарихын қастерлеуге ұмтылудың жарқын көрінісі болып табылады.

Сен біздің Отанымыздан жетіліп шыққан ғұламалар жөнінде көп естігенсін.



«*Ғұлама*» – араб сөзі, ғалымдардың ғалымы, ең үздігі деген мағыналарды билдіреді.

Ұлы ғұламаларымыз Отан сезімі әрбір істе, әр қадамда медет болсын деп, өз аты-жөндеріне туылышп-өскен жерлерінің атауын қосып жазған. Бұхари, Замахшари, Самарқанди, Шаши, Тошканди, Ферғани, Маргинони, Хорезми, Термізи, Насафи тақылеттес есімдер осылай пайда болған.

Тәуелсіздік жылдарында осы ғұламаларымыздың ғылыми мұрасын терен зерттеу және оны әлем шенберінде насиҳаттау бойынша өте ауқымды жұмыстар қолға алынды. 2014 жылдың 15-16 мамыр күндері Самарқанд қаласында «Орта ғасырлардағы Шығыс ғұламалары мен ойшылдарының тарихи мұрасы, оның заманалық өркениеттегі рөлі мен маңызы» тақырыбы бойынша өткізілген халықаралық конференция солардың қатарынан.



Әндіжан. Захириддин
Мұхаммед Бабыр ескерткіші

«ҰЯЛЫ ТЕЛЕФОН ШІНДЕГІ ӨЗБЕК»



Бұкіл әлемге әйгілі Би-би-си компаниясы ұлы отандасымыз Мұхаммед Хорезми жөнінде 10 минуттық фильм түсірді. Онда ғұлама бабамыздың математика саласындағы үлкен жаңалықтары, атап айтқанда, ондық позициялық есептеу жүйесін және нөл белгісін ғылымға бірінші болып енгізгені, «алгоритм» сөзінің әл-Хорезми атынан алынғандығы туралы әнгімеленеді. Би-би-си шолушысы өзінің қолындағы ұялы телефонды көрсетіп: «Мен әр кез бұны пайдаланғанымда, оның ішінде отырған ұлы өзбекке тағым етемін», — дейді. Бұл сөзімен ол әл-Хорезми бабамыздың математика әлеміндегі ұлы жаңалықтары арқылы ұялы телефон рәүіштес бүгінгі заман ақпарат құралдарына осыдан шамамен 12 ғасыр бұрын негіз қалағанын ризалықпен атап өтеді.

Нақ осындағы ризалық және алғыс сөздерін Самарқантта өткізілген халықаралық конференцияның шетелдік қонақтары да қайта-қайта айтып жатты.



Глобусты кім ашқанын білесің бе? Әр кез глобусты пайдаланғаныңда қайсы Fұлама бабамызға тағым етуге туіссің?

Қадірлі оқушы, сен ағылшын жазушысы Даниэль Дефоның Робинзон Крузо хақындағы әйгілі шығармасы негізінде түсірілген фильмді көрген боларсың. Оның кейіпкері өз Отанынан алыста қалып, жалғыз өзі қыын өмір сүреді. Адам жасамайтын аралға тап болған ол өзінің адамдық бейнесін сақтап қалу үшін күндізтүні дамыл таппайды, ақыры жалғыздықты жеңіп шығады. Оған бұл істе Отан сезімі жәрдем бергені даусыз, әрине.



**Ел-жүрт отаршылық бұғауы астында қалған мезетте
Отан сезімі Отан қайғысына айналады.**

Өлкемізде 130 жылға созылған отаршылдық кезеңінде атабабаларымыздың туған жерге байланысты сезімдері тек қайғы-қасірет түрінде көрінді. Махмудқожа Беһбуди, Мунаввар қары, Абдулла Қадыри, Абдулхамид Чулпан сияқты атабарымыздың қайғы-қасіреттепен суарылған мақалалары мен өлеңдерін оқығанда, Отан тоғырағында тұрып, Отаннан айырылу дертімен жасау қаншалықты ауыр екендігін сезінеміз.



Ел-жұрты азат, мемлекеті тәуелсіз болса, адам баласы оның гүлденіп-дамуы жолында бар күш-қайратын сарп етеді, Отанға байланысты ой-түйсіктері мақтаныш сезіміне айналады. Бүгінде Отанымыз жөнінде сөз қозғалса, біз ең алдымен нақ осындай қуаныш пен мақтанышқа бөлөнеміз. Өйткені азат та аbat еліміз күннен-күнге кемелденіп, қарыштап алға басып барады.

! Отан сезімі патриоттық қасиеттерге негіз болады.

«Отанға деген сүйіспеншілік адам жүргінде табиғи түрде пайда болады. Яғни адам өзін-өзі түсініп, ата тегін анықтаған сайын оның жүргінде Отанға деген сүйіспеншілік тамыр жайып, дами береді. Бұл тамыр қаншалықты тереңде жатса, туылып-өскен жерге деген махабbat та соншалықты шексіз болады»¹.

Патриотизм – туған тоғырағын сую және ұлықтау, оны қорғау сезімімен жасау, сол жолдағы жанқиярлық. Жанқиярлық – өзін, бар күш-қайраты мен ақыл-зейінін ізгі де ұлы мақсаттар жолында толығымен құрбан ету.

¹ **Ислам Каримов.** Ozod va obod Vatan, erkin va farovon hayat – pirovard maqsadimiz. –Т.: «Узбекистон» баспасы, 2000 жыл, 8-том, 502-бет.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен үялды телефонды пайдаланған кезінде оны кім ашқаны жөнінде ойлап көргенсін бе?
2. Сен шетелге саяхатқа барсан, өзінмен бірге нені алып кетесің?
3. Отан сезімі жөнінде өлең немесе ән айта аласың ба?
4. Суретке қарай отырып, патриотизм жөнінде әңгімелеп бер.



1



2



3

Практикалық жаттығу

БҮЛ ҚАСИЕТТІ ОТАНДА АДАМ ФАЗИЗ

Қадірлі оқушы, елімізде жерасты, жерусті байлықтары, құндылықтар мен дәстүрлер көп. Бірақ біз үшін тағы бір ұлы байлық бар, ол – өзінің еңбегі, білімі, дарыны мен тәжірибесі арқылы топырағымызды алтынға айналдырып, қала-қыстақтарымызды гүлдендіріп жатқан адамдар.



Адамзатты Алланың өзі ғазиз де қабілетті етіп жаратқан. Әрбір адам – ұлы ғажайыптың өзі. Дүниедегі барлық халықтар мен ұлттар да Жаратқанның ұлы ғажайыбы ретінде құрмет пен ізетке лайықты болыш табылады.

Өкінішке орай адам баласы тарихтың барлық кезеңдерінде бірдей лайықты қадір-құрметке бөлене бермеген. Әсіресе мемлекет басқыншылардың аяғы астында қалғанда немесе қырғындарға тап болған кездерде, бұдан бұрынғы сабакта айтылғанындей, Отан сезімі қайғыға айналады, адам баласы қадірленудің орнына зұлымдық пен кудалауға, кейде тіпті жаппай нәубеттерге ұшырайды.

Сүйікті топырағымыз да бірнеше рет қандықол басқыншылардың шапқыншылықтарын бастаң кешірген. Мәселең, біздің жыл санауымыздан бұрынғы фасырларда Иран шаһтары Кир мен Дарий, сосын грек қосындары, ал XII фасырда монгол басқыншылары өлкемізге басып кіріп, қалалар мен қыстактарды қырғынға ұшыратқан. Ел-жүртіміз оларға қарсы табанды күрес жүргізіп, әр кез азаттыққа жетіп отырған.

Әлемдегі құдіретті мемлекеттердің армиялары түрлі елдерді тізе бүктіруі, өзіне бодан етуі мүмкін, бірақ олар халықтардың жүрегін, рухын тізе бүктіре алмайды. Сондықтан қайсы мемлекет жөнінде сөз қозғалса, ең алдымен сол елдің фалымдарын, ақын-жазушылары мен ағартушыларын еске аламыз. Өйткені олар – адамзатқа мінсіз қызмет еткендер.

XIX фасырдың 60-жылдарының орта шенінен XX фасырдың 91-жылына дейін, яғни 130 жылға созылған патшалық Ресей мен кеңес өкіметінің отаршылдық саясаты халқыныздың бағына ауыр сынақтар мен қасіреттер әкелді.

ТАРИХТЫҢ ЕҢ ҚАРАЛЫ БЕТИ

Біз кеңес заманын жақын тарихымыздың ең қаралы, жиіркенішті беттері ретінде тілге аламыз.



«Белгілі болғанында, 1937–1953 жылдарда бұрынғы КСРО аумағында қасіретті жаппай саяси қуғын-сүргін жүзеге асырылған еді. Оның зардалты салдарын көз алдымызға елестету үшін тек Өзбекстанның өзінен 100 мыңнан астам адамның қуғын-сүргінге ұшырап, соның 13 мыңы атылғанын айтсақ та жеткілікті»¹.



Бұл үзіндіде келтірілген мысалдарды бүгінгі өмірімізben салыстырыңдар. Бүгінгі өмірімізді тарихтың қандай беті ретінде бағалауға болады?

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маңнавият» баспасы, 2013 жыл, 97 – 98-беттер.

Кенестік жүйедегі зорлық-зомбылықтар 1989 жылдың маусым айына дейін – Ислам Каримов Өзбекстанның басшысы ретінде жұмыс бастағанға дейін созылды.



Еліміздің ауыр жағдайға түсіп қалғаны, бұдан құтылу жолында республика басшысы үлкен ерлік көрсетіп күрес жүргізгені жөнінде Президент Ислам Каримовтың «Өзбекстан тәуелсіздікке жету босағасында» кітабында егжеттегілі баяндалады.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекетімізде «Реформа реформа үшін емес, ең алдымен адам үшін» деген қағида басты өлшем етіп алынды. Бұның мағынасы сол, реформалар адам өмірін жақсартуға қызмет етуге тиіс.



Адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылықтар екені еліміздің Конституциясында атап көрсетілген.



Шейіттер жады саябағы

Отаршылдық жылдарында нахақ жапа шеккен адамдар жөнінде тарихи әділетті, ата-бабаларымыздың тәбәрік есімдері мен естеліктерін, құнды мұраларын қайта тіктеуге айрықша назар аударылып келеді. Мәселен, 2000 жылы астанамыздың Юнусабад ауданында «Шейіттер жады саябагы» ескеरткіштер кешені құрылды. Бертін келе нақ осы атпен арнайы қор және Куғын-сүргін құрбандарын еске алу мұражайы ашылды.



«Куғын-сүргін» сөзі кесу, жазалау, өлтіру деген мағыналарды білдіреді.

Бір кездерде бұл арада, яғни Бозсу каналының жағалауында Албастықөпір деген қорқынышты атпен аталатын жарқабақ болған. XX ғасырдың 30-жылдарында осы қарғыс атқан жерге тұнгे қарай халқымыздың көптеген асыл ұлдары жасырын әкелініп, аяусыз атылған. Сонынан ешқандай кебінсіз, аты-жөндөрі белгісіз күйінде көмілген.



31 тамыз – елімізде Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу құні ретінде атап өтіледі.

Жыл сайын 31 тамыз құні Елбасымыз бұл жерге келіп, қуғын-сүргін құрбандарын еске алу құрметін орындайды.

Бүгінгі танда елімізде бейбіт те алансыз өмір, сан түрлі үлттар мен ұлыстар өкілдері ортасындағы достық пен ынтымақтастық барған сайын нығайып келеді. «Бұл қасиетті Отанда адамғазиз» деген сөздер өзінің іс жүзіндегі мән-мағынасына толық ие болды.

Өкінішке орай қазіргі уақытта да бір шетте тұрып біздің бейбіт өмірімізді лайландыруға әрекет жасайтын, өлкеміздің байлықтарына көз алартып, халқымызды тағы да бодандыққа салғысы келетін қара ниетті құштер бар. Бұндай қауіп-қатерлер халықаралық ланкестік, содырлық, діни фанатизм, адамдық қасиеттерден жүрдай болу деген аттармен аталады. Әрине, бүкіл әлемді бойлап тамыр жайған, адамдарды, әсіресе жастарды арбау жолымен тұзаққа түсіріп, оларды өз отанына, ата-анасына қарсы шы-

фаруға ұмтылып жатқан бүндай күштерден абай болу, Отанымыздың тәуелсіздігін көздің қарашығында қастерлеп, сақтау – баршамыздың қасиетті борышымыз екенін ұмытпауға тиіспіз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Неліктен адамдар бір-бірімен қуана қауышады?
2. Нәресте туылғанда неге қуанамыз?
3. Адамды қадірлеп-құрметтеуге бағытталған қандай салт-дәстүрлерді білесін?



1



2



3

4. Сен ата-анана, ұстаздарың мен достарыңа деген құрметінді қалай білдіресін?
5. Адамның ғазиздігі жөнінде қандай мақал-мәтелдерді білесін?



ЖАНҰЯ – ОТАН РӘМІЗІ

Кадірлі окушы, егер саған: «Қане, Отанның суретін салып берші», – десе, қағазға алдымен ненің бейнесін түсірген болар едін? Бұл үшін ең алдымен өзіміз білетін нәрселерді көз алдымыздан өткіземіз. Сонда біз үшін ең қадірлі мекен – өзіміз туылыш-өскен үй болып көрінеді.

**Отан сезімі жанұядан, отбасынан, ананың құшагынан
бастау алады.**

Адам баласын кәмелетке жеткізетін, оның бойына ең асыл, ең қымбат сезімдерді дарытатын, санасты мен түйсігінде бастапқы білімдер мен біліктерді қалыптастыратын орта – жанұя, яғни отбасы болып табылады.

 **«Жанұя – қоғамның негізгі буыны және ол қоғам мен мемлекеттің коргауында болуга құқылы»¹.** 

 Елбасымыз Ислам Каримов жанұяны былайша сипаттайды: «Мына жарық дүниеде өмір бар болғандықтан, жанұя да бар. Жанұя бар жерде перзент деп аталатын баға жетпес байлық бар. Ал перзент бар болса, адамзат әрқашан иті арман-тілектермен және алға ұмтылумен өмір сүреді»².

Ертедегі аныздарға қарағанда, жер бетіндегі ең алғашқы жанұяны Адам Ата мен Хая Ана құрған екен. Әлемдегі барша адамдар, халықтар мен ұлттар осы жанұядан таралыпты. Сондықтан

¹ Өзбекстан Республикасының Конституциясы, 63-бап. –Т.: «Узбекистон», 2014 жыл, 21-бет.

² **Ислам Каримов.** Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2008 жыл, 56-бет.



да бүкіл адамзатты бір ата-ананың перзенттері дейміз, оларды дос және бауыр болып өмір сұруғе шақырамыз.

Жас нәресте шыр етіп дүниеге келгеннен бастап алдымен анасын таниды, анасының бауырынан пана тауып, омырауынан нәр алады. А纳ның құшағында алаңсыз үйіктайды, рақаттанып тынығады. Адам баласы сүйікті жанұясында өзін еркін, азат сезінеді. «Өз үйім – өлең төсегім» дейтін мақал нақ осы шындықты мензейді.



Әлемдегі барлық нәрсенің өз негізі болатыны сияқты жанұяның да негізі бар. Оның негізі – ата мен ана.

Ана – мейірім мен сүйіспеншіліктің, ізгілік пен жанқиярлықтың рәмізі. Оны біз Отанға теңейміз. Отан туралы сөз козғалғанда да «Отан-ана» дейміз. Ана мен Отан жөніндегі әсерлер бір-бірімен тығыз астасып жатады. Отан да, ана да перзенттерінің бақыты үшін еш нәрседен аянбайды. Сондықтан да Отанымыздың бас аланы – Тәуелсіздік аланына «Бақытты ана» ескерткіші орнатылған.

Ананың әлдиіне Отан сезімі басты арқау болады. Әлдидегі «азамат бол», «ел-жұртына қызмет ет» деген сөздер текке айтылмаған.



Ананың әлдиімен баланың жүрегіне ұлттық рух дариды. Бұл ұлттық рух – Отан сезімі болып табылады.

Аңыз

ИМАМ БҰХАРИДІҢ АНАСЫ

Аңыздарға қарағанда, Ісмайылдың ұлы Мұхаммед Бұхаридің көзі нәресте кезіндегі кездейсоқ оқиғаның себебінен соқыр болып қалған екен. Анасы «Баламның көзіне шипа бер» деп, ертелі-кеш Аллаға жалбарынып, құлшылық ете беріпті. Құндердің күнінде ананың түсіне пайғамбарымыз Әбырахым фалейкісалам кіріп, оған: «Оқыған дұғаларың қабыл болды, ұлыңның көзі ашылады», – депті. Арадан көп өтпей-ақ жас Мұхаммедтің жанары ашылыпты. Ол өзінің өмірін пайғамбарымыз Мұхаммед фалейкісаламның хадистерін жинақтауға арнамақ болады және ұлы хадистанушы ретінде әлемге танылады.



Анасы дұға қылмаса, Имам Бұхари әлемге танылар ма еді?



Елімізде 1998 жыл – «Жанұя жылы», 2001 жыл – «Ана мен бала жылы», ал 2012 жыл «Берік отбасы жылы» болып жарияланды.

Жанұяның тағы бір негізі – әке. Әке – отбасының тірегі, әділеттіліктің рәмізі ретінде баршаға бірдей ұлгі мен өнеге көрсететін жан. Ерте замандарда бірер перзент жақсы немесе жаман құлқымен жүртшылықтың назарына іліксе, одан: «Әкен кім? Кімнің ұлысын?» – деп сұраған. Өйткені әкесінің кім екендігі перзентке берілетін ең манызды баға болып саналған.

Әдетте ұл балалар әкеге, ал қыздар шешеге тартады. Сондықтан да ұл туралы сөз қозғалғанда – «нағыз әкесінің баласы», қыз туралы сөз болса – «шешесінің қызы» дейді.

ШАТЫРФА ШЫҚПАҒАН БАЛА

Ерте замандарда бір балаға анасы: «Ұлым, шатырға шыбып, отын түсіріп берші», – деп өтінеді. Бұл сәтте баланың әкесі үйіктап жатқан көрінеді. Сондықтан баласы: «Әкем жатқан үйдің төбесіне қалай шығамын?» – деп, әкесінің үйкідан оянуын күткен екен.



Бала әкесіне сездірмей ғана шатырға шықса болмай ма? Қалай ойлайсың?



Жанұяда «ата кәсіп» деген ұфым бар. Перзент әкесінің кәсібін иелесе, адамдар: «Әкесінің орнын басты», «Әкеңнің ізін қудың, жарайсың!» – десіп, мәре-сәре болады.

Әке кәсібіне адалдық танытудың нәтижесінде атағы жер жарған әулеттер пайда болған. Мәселең, елімізде өнер саласында Юнус Ражаби негізін қалаған Ражабилер әулеті, цирк өнері саласында елге танылған Ташкенбаевтар әулеті және басқа да әулеттер бар.

Бұндай атақты әулеттер тарихта да болған. Мысалы, біздің елімізде Темурилер әулеті, Бабурилер әулеті, Үндістанда Гандилер әулеті сияқтылардың атақ-данқы бүкіл әлемге жайылып кеткен. Бұндай әулеттердің өкілдері жанұялық дәстүрлерін ұлықтай арқылы Отанды ұлықтауға қызмет етеді.



Тәрбие – адам баласының дені сау, жан-жақты кемел болып өсуі, өмірге дайын болуы үшін керекті білімдер мен біліктерді түсіндірудің, үйретудің және үлгі-өнеге негізінде дарытудың жолы болып табылады.

Отбасында үлкен өмірлік тәжірибесі бар аталар мен әжелердің үгіт-насихаты мен ақыл-кеңестері маңызды тәрбиелік рөл атқарады.

Халқымыз: «Құс ұяда не көрсе, үшқанда соны іледі», – дейді. «Ұя» сөзі балабақшаны немесе мектепті емес, жанұяны, отбасын мензеп тұрғандықтан, оның адам тәрбиесіндегі ықпалы қаншалықты зор екенін аңғартады.

Қоғам мындаған жанұялардан құралады. Сондықтан да жанұяны қоғамның негізі, оның басты бұны дейміз.



Қаршы. «Ел-жұрт тірегі» ескерткіші



Қоғам – ұжымдастып өмір сүрудің жоғары деңгейдегі формасы. Өйткені оған тек адамдарға емес, тұрлі топтар, әлеуметтік қабаттар мен таптар да бірігеді.

Тәуелсіздік жылдарында елімізде тұнғыш рет Қаршы қаласында «Ел-жұрт тірегі» деген атпен жанұя құрметіне ескерткіш орнатылды.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Таңертең ұйқыдан тұрғанында алдымен кімге сәлем бересін?
2. Анаң саған қандай әлди айтқаны есінде ме?
3. «Әкең риза болса, Құдай да риза» деген мақалды қалай түсінесін?
4. Ана туралы бір шумақ өленді жатқа айта аласың ба?
5. Суреттерге қарай отырып, жанұяның адам тәрбиесіне ықпалы жөнінде әнгімелеп бер.



1



2



3

КІШКЕНТАЙ ЧЕМПИОНДАР

Қадірлі оқушы, дені сау өрі жан-жақты кемел үрпақты тәрбиеlep-өсіруде спорттың атқаратын рөлі айрықша. Сондықтан да елімізде балалар спортын дамытуға ерекше маңыз беріліп отыр.



Өзбекстанда 2002 жылы Балалар спортын дамыту коры құрылды. Қордың Демеушілер кеңесінің төрағасы мемлекет Президенті Ислам Каримов болып табылады.

Еліміздің спортшы жастары беделді халықаралық жарыстарда елеулі жетістіктерге қол жеткізіп келеді. Әсіреле ақыл-ой гимнастикасы болып табылатын шахмат ойыны бойынша елімізден көптеген жас чемпиондар жетіліп шықты.



Нодирбек Абдусаттаров 8 жасында Словенияның Марибор қаласында шахмат бойынша өткізілген әлем чемпионатында алтын медальға ие болды.



Нодирбек 2004 жылы Ташкент қаласында туылған, Юнусабад ауданындағы 152-мектепте оқиды. Ол 2008 және 2010 жылдарда Өзбекстан чемпионы, ал 2011 және 2014 жылдарда Азия чемпионы болған.

Ағалы-інілі шахматшылар Жавохир және Исламбек Синдаровтардың есімдері де көпшілікке жақсы таныс. Адамнан күшті ақыл мен зейінді, құнт пен төзімділікті талап ететін шахмат спорты саласында әлем чемпиондары атанған ағайынды жас ұландар қол жеткізген ірі женіс бүкіл халқымыздың мақтанышын ояты.



Жавохир мен Исламбек 2014 жылдың 13-17 маусым күндері Грецияның Кавала қаласында жедел шахматтан өткен әлем чемпионатында рапид және блиц бағыттары бойынша 4 алтын медальды жеңіп алды.

Жас шахматшылар өлемдегі көптеген мемлекеттердің өкілдері қатысқан жарыстарда бір рет те женіліске ұшыраған жок.

Жавохир төрт жарым жасынан бастап шахмат ойнаумен шүгыштырылғанады. Ол халықаралық деңгейдегі ірі женісіне 2012 жылы Үндістанның Дели қаласында қол жеткізді. Оның інісі Исламбек те ғажайып талант иесі екендігін іс жүзінде көрсетіп келеді. Иранда 2013 жылы өткен Азия чемпионатында ол біржола үш алтын медальды жеңіп алды.



Елбасымыз 2013 жылы 7 желтоқсанда «Узбекистон» форумдар сарайында Конституция күніне арналған салтанатты жиналыста жасаған баяндамасында Исламбек Синдаровтың жетістіктеріне жеке-дара тоқталып өтті: **«5 жасар, назар аударыныздар, 5 жасар бұлдіршініміз Исламбек Синдаровтың Азия чемпионы деген абыройлы атаққа ие болғаны қандай тамаша! Қане, айтындаршы, қадірлі достар, бұндай табыстарға қуанбауға, мақтан тұтпауға бола ма?»**

Балалық кезден-ақ үлкен істер мен биік мәрелерге ұмтылышп өмір сұру біздің халқымыздың қанында ежелден бар.

Әбу Эли ибн Сина, Әбу Райхан Беруни сынды ұлы ғұламаларымыз балалық шағынан бастап-ақ тенденсі жоқ ғылыми дарынын көрсете алған. Ұлы ағартушы ақын Әлішер Науай 3–4 жасынан түркі және парсы тілдеріндегі өлеңдерді жатқа оқып, бертін келе өзі де фазалдар жазғаны тарихи қайнарлардан белгілі. Тағы бір ұлы бабамыз Захириддин Мұхаммед Бабыр 12 жасында Әндижан тағына отырып, әкесінен мұра болып қалған мемлекетті басқаруға кіріскең.

Біз жоғарыда аттары аталған жас чемпиондар мысалынан ұлы бабаларымыздың лайықты ізбасарларын көріп отырмыз. Халық



тілімен айтқанда, «Аққан дария аға береді, ешқашан тоқтамайды». Бұндай жетістіктер Өзбекстанда спорттың басқа түрлерімен қатар шахматтың дамуына да үлкен назар аударылып отырғанының нәтижесі болып табылады.

Мамандардың пікірлеріне қарағанда, елімізде шахматпен шұғылданатын жігіттер мен қыздардың саны жылдан-жылға көбейіп келеді. Бүгінгі таңда Отанымызда 8 мыңнан астам шахмат үйірмелері жұмыс істейді, 150 мыңнан астам жас шахматшы, соның ішінде 76 мыңдай қызы үйірмелер жұмысына белсене қатысада.



Тәуелсіздік жылдарында Өзбекстан перзенті еліміздің тарихында тұнғыш рет шахмат бойынша әлем чемпионы атанды. Жерлесіміз Рустам Қасымжанов 2004 жылы Ливия мемлекетінің астанасы Триполи қаласында шахматтан әлем чемпионының алтын тәжін киді.



Өзбек шахмат спорты тарихында жарқын бет болып қалатын тағы бір маңызды оқиға – жас жерлесіміз Нафиса Момынованың еліміздің қыздары арасынан бірінші болып Халықаралық шахмат федерациясы – ФИДЕ тарапынан беріletін халықаралық гроссмейстер атағына ие болуы.

Ел Президенті Ислам Каримов өзбек спортшыларының жетістіктерін ешқашан ескерусіз қалдырған емес. Ол спортшыларды қол жеткізген табыстарымен құттықтап, қымбат бағалы сыйлықтармен, мемлекеттік наградалармен марапаттап келеді.

Осы дәстүрге орай 2013 жылдың 28 наурызы күні Нодирбек Абдусаттаровқа, 2014 жылдың 18 шілдесі күні Жавохир және Исламбек Синдаровтарға Елбасымыздың қымбат бағалы сыйлықтары тапсырылды.

Бұндай кішкентай чемпиондар – егемендік перзенттері. Тәуелсіздіктің арқасында өз қабілеттері мен таланттарын айдай өлемге паш еткен осынау жас ұландардың негізгі жетістіктері, ірі мәрелері әлі алда. Олардың өмірлерінде бұндай куанышты сәттер, толқу мен толғаныска толы күндер әлі көп болады. Қазіргі күндерде «Біз ешкімнен кем емеспіз» деп, алға ұмытылған жас чемпиондарға Президент сыйы тапсырылған күн олардың өміріндегі ең жарқын мезет болып қалатынына күмән жоқ.

Сен де осындағы жастардың қатарынан орын алу, ел-жұртымыздың құрмет-назарына ие болу үшін күнделікті өмір мен окуда әрқашан алға ұмытылуға тиіссін.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен спорттың қайсы түріне қызығасын?
2. Ауылында немесе махалланда спортпен шұғылдануға қандай мүмкіндіктер бар? Сен оларды пайдаланаңын ба?
3. Атақты спортшылардан тағы кімдерді білесін? Оларға ұқсауды армандаїссын ба?
4. Мына суреттерде қандай спорт ойындары бейнеленген?



1



2



3

5. Спортпен шұғылданудың қандай пайдасы бар деп ойлайсын?

ОТАНҒА СҮЙІСПЕНШІЛК

Кадірлі окушы, адам жүргегіндегі армандардың ең ұлысы – ата-анаға, ел-жұртқа мінсіз қызмет ету, олардың алдындағы перзенттік парызды жан-тәнімен беріле орындау. Сол арманға жету үшін балалық кезден-ак алдымызға нақты мақсат қойып, заманға сай білім мен көсіп-өнерді тиянақты иелеуіміз, деніміз сау, рухани тұрғыдан кемелденген болуымыз шарт.



«Тарих шындығы көрсеткеніндей, қан тамырында ұлттық мақтаныш, Отанға деген сүйіспеншілік соғып тұрған адамғана ұлы істерге қабілетті болады»¹.

Тұған жерге сүйіспеншілік қарапайым адамдарға да үлкен құш-қуат, қайрат пен жігер беріп, оларды ерліктерге шабыттан-дырады. Мәселен, Ширақ жөніндегі аңызды алайық. Ширақ – қарапайым шопан. Оның қару-жарафы жоқ. Тек жүргегінде Отанға деген шексіз махаббаты ғана бар. Осынау ұлы сезім оны құдіретті жауға қарсы жалғыз құресуге жігерлендірді. Ол жау қолына түсетінін білсе де, бұл ұлы мақсат – Отанның азаттығы жолындағы абыройлы өлім екенін жақсы түсініп, одан сескенбейді. Ол өз қаһармандығы арқылы ешқашан да қырғын-сұргін, жауыздық жолымен бүкіл бір халықты жеңуге болмайтынын, оның ержүрек перзенттері бұған мүлде жол бермейтінін дәлелдейді.

Ширақ сынды ержүрек, батыр ұландар өлемдегі барлық халықтарда да бар. Өйткені кез келген халықтың бейбіт те алаңсыз өмірі, бақыты мен игілігі оның жаужүрек перзенттеріне байланысты.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 90-бет.

БІР СҮЙЕМ ЖЕР

Сонау ерте замандарда бір елді жау басып алмақшы болыпты. Бірақ бұл елдің патшасы данышпан, бейбітшіліксүйгіш адам екен. Ол қанның төгілуіне жол бермеу үшін жау өскерінің қолбасшысына өзінің желден жүйрік арғымағын, яғни асыл тұқымды тұлпарын тарту етіпті. Эйтсе де жау бұны місі тұттай, соғысты әне бастаймыз, міне бастаймыз деуден жалықпапты. Патша жау қолбасшысына өзінің алтын қылышын беріп жібереді. Бірақ мекер жау бұнымен шектелмейді. Ол: «Мемлекет аумағындағы ешнәрсе өнбейтін тастанды жердің бір сүйемін бересін, әйтпесе халқынды қанға бөктіреміз», — деп қайта қоқан-лоқы жасайды.

Сонда патша еңесін тіктеп, өскерлеріне: «Елімнің ержүрек ұландары, қане, атқа қонындар! Енді аяусыз шайқасамыз. Зұлым жау қасиетті топырағымызға көз алартып отыр. Атабабаларымыздан мұра болған Отанымыздың бір сүйем жерін де жауға беріп қоймаймыз», — деп, соғысқа аттанған екен.



Қане, айта ғой, алтын қылыш қадірлі ме, әлде бір сүйем жер ме?

Әлем халықтарының ертегілерінде, әндері мен дастан-жырларында да ерлік пен қаһармандық негізгі тақырыптардың бірі болып саналады. Мәселен, үнділердің «Махабхарат», «Рамаяна» дастандары, гректердің Прометей, Антей, Геракл және Одиссей тақылеттес аңызыңқ қаһармандары, бізben қатар өмір сүретін Орталық Азия халықтарының Рұстем дастан, Сухраб, Сиявуш, Фархад секілді алып кейіпкерлері мысалында осындай қасиеттер ұлықталады.

Халқымыздың «Уш ағайынды батырлар», «Самұрық пен Бұняд», «Тайир мен Зүhra» сияқты ертегілерінде, «Алпамыс», «Көрүғұлы» секілді дастандарында ерлік пен қаһармандық ең ұлы адамдық қасиеттер ретінде жырланады. Осындай рухта тәрбиеленген ата-бабаларымыз Отанға сүйіспеншілікпен өмір суруді қасиетті борыш деп санаған.



«Халқымыздың жеңілуді білмеген батыры – Алпамыс мысалынан біз Отанымызды жаман көздерден, бәле-жаларапдан сақтауга қабілетті, қажет болса, осы жолда жандарын піда етуге де дайын азамат ұландарымыздың – бүгінгі алпамыстардың рухани бейнесін көреміз»¹.



Жоғарыдағы пікірлер мен мысалдар сендер сынды саламат әрі кемел үрпақты тәрбиелеп-өсірудің терең тарихи және рухани негізі бар екенін көрсетеді.

Елімізде әрбір жігіт өзінің халқы алдындағы, туған топырағы алдындағы қасиетті борышы болып саналатын әскери қызметке кірісер кезде әскери форманы киіп тұрып, салтанатты ант қабылдайды.

Сен Ташкент қаласындағы «Отанға ант» ескерткішін теледидар арқылы көрген боларсың. Отанды қорғаушылар құрметіне орнатылған бұл ескерткіште осынау рәсім көркем көрінісін тапқан.

Келтірілген мысалдар Отанға сүйіспеншілік сезімі адамның жүрөгінен терең орын алған кезде қаншалықты құдіретті күшке айналатынын дәлелдеп тұр. Егер бұл сезім мындаған, миллиондаған жастардың жүректерінен орын алатын болса, бұндай күшті ешкім ешқашан жеңе алмайды.

Президент Ислам Каримов жоғары руханияттың жеңілмейтін күш екенін айрықша қадап көрсетіп, жастарға арналған кітабын нақ осылай атағаны тегін емес.

Өзбекстан Қаһарманы, көрнекті ақын Абдулла Ориповтың «Мен Өзбекстанны неліктен сүйемін?» деген өлеңі өнерсүйер

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 34-бет.

қауымның әніне айналып кеткенін жақсы білесіндер. Бұл өленді оқығанда, «Мен Өзбекстанны неліктен сүйемін?» деген сұралққа жауап тапқандай боламыз.

! Отанды тек ұлан-асыр байлықтары, әсем де көрікті табигаты, қолайлы жағдайлары үшін сүймейді. Тұған топырақтың климаты, табигаты қандай болуына қарамастан, ол адам үшін басқа ештеңемен алмастыруға болмайтын, оның рухы, жаны жай табатын қастерлі мекен болып саналады.

 «Біз, түркістандықтар¹, өз отанымызды жаңымыздан да артық сүйгеніміздей, арабтар Арабиясын, құмда туылғандар ыстық шөлдерін, эскимолар² солтүстік жақтарды, аса сұық, аязды, мұзды өлкелерді басқа жерлерден артық сүйеді. Егер сүймесе, өз отандарын тастап, ауа райы жақсы, тіршілік етуге онай жерлерге көшіп кететін еді».

Қаһармандық, ерлік, жанқиярлық – бүгінгі танда да ең ұлы қасиеттер қатарына жатады. Елбасымыздың төмендегі сөздері бізді нақ осы шындықты ұфынып алуға шакырады:

 «Ей, ұлы Өзбекстанның жас үрпағы! Бұл өмірде сендердің арман-ұмтылыстарың, көздеген мақсаттарың, атқаратын істерің көп. Бірақ мынаны ұмытпандар, сендердің ең ұлы, ең қастерлі міндеттерің – еліміздің тәуелсіздігін, халқымыздың бостандығы мен азаттығын көздің қарашуындай сақтау, оның қауіпсіздігін қорғау болып табылады»³.

Хорезмдік ұлы ғұлама Нажмиддин Кубро бабамыз Шыңғысхан бастаған монгол шапқыншылығы кезінде әжептәуір қар-

¹ 1924 жылға дейін, яғни Орта Азияда большевиктер тарапынан ұлттық шекаралану шаралары жүргізілгенге дейін қазіргі Өзбекстан, Қыргызстан, Қазақстан, Тәжікстан және Түркіменстан аумағы Түркістан деген жалпы атаумен, ал сол аумақта жасайтын халықтар түркістандықтар деп аталған.

² Эскимостар – солтүстік полюске таяу өлкелерде жасайтын халық.

³ «Халқ сузи» газеті, 2000 жылғы 1 қыркүйек саны.

тайып қалған болатын. Жау жағы ұлы фұламаның қадір-құрметін ескеріп, оған азаттық ұсынады. Бірақ данышпан қарт дүшпандың бүл шартына көнбейді. Ол өз жерлестерімен бірге қантөгіс шайқасқа шығып, ерлікпен қаза табады.

Мындаған жылдар бойы ата-бабаларымыз көздің қарашындағы қастерлеп келе жатқан faziz Отанымызды сүйіп, оның әрбір сүйем жерін абайлап сақтау – біздің ең ұлы парызымыз.



Отанды сүймеу – ең ұлы адамдық бақыттан, сезімнен жүрдай болу. Тұған топырақтың тағдырына бейпарық қарау – оны бөгделердің қолына беріп қоюмен пара-пар.

Нағыз перзент Отанды жан-тәнімен сезінеді, оны қорғау, гүлдендерінде жолында бар күш-жігері мен мүмкіндіктерін сарқа жұмсайды.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Отан туралы қандай өлең немесе мақал-мәтеддерді білесін?
2. Отан азаттығы жолында күрескен қаһарман адамдар жөнінде әңгімелे.
3. Суреттерде Отанға сүйіспеншілік сезімі қалай бейнеленген?



1



2



3

4. «Мен Өзбекстанды неліктен сүйемін?» әнінің бір шумағын орындалап бере аласың ба?

САЙЫПҚЫРАН ӘМІР ТЕМІР

Қадірлі оқушы, Отан туралы, Отанға сүйіспеншілік туралы сөз қозғалғанда, ең алдымен қаһарман бабаларымызды еске аламыз. Сайыпқыран Әмір Темір нақ осындағы ұлы тұлғалардың бірі болып табылады.

Әмір Темір 1336 жылы 9 сәуірде ертедегі Кеш, қазіргі Шахрисабз қаласына таяу жердегі Қожайылқар қысташында туылған. Әкесі Әмір Тарагай, ал анасы Такинабегім деген есімдермен белгілі.



«Сайыпқыран» сөзі жеңімпаз, құдіретті адам, Шолпан және Меркурий ғаламшарлары бір-біріне жақындап келгенде, қыран жұлдызнамасында туылған дегенді білдіреді.



Әмір Темір тек Отанымыздаған емес, сонымен қатар әлемдік тарихта ең жарқын да құнды тұлғалардың бірі ретінде танылып, үлкен қызығумен зерттелуде.

Сайыпқыран өте қыын да құрделі тарихи жағдайларда өз елін – қазіргі Өзбекстан аумағын да қамтитын ежелгі Түркістан тоғырағын монгол басқыншыларының құлдығынан азат етті. Содан соң «Әмір Темір және темурилер мемлекеті», «Әмір Темір және темурилер заманы», «Әмір Темір және темурилер ренесансы» деген аттармен әлемдік тарихтан орын алған құдіретті мемлекеттің негізін қалады. Дүниежүзі тарихында бұндай ұлы істерге қабілетті адамдар өте аз кездеседі.



«Темурилер» дегенде біз Әмір Темірдің ісін одан ары жағастырған перзенттері мен бүкіл үрпақтарын түсінеміз.

Әмір Темір ендіғанда үлкен өмірге қадам басқан кезде еліміз дүшпан аяғының астында жатқан болатын. Монгол атын естісе, баршаның тізелері қалтырайтын заман еді. Тіпті ержүрек батырлығымен аты шыққан, «баһадүр» дейтін жоғары атағы бар Әмір Темірдің немере ағасы, Кеш уәллятының билеушісі Әмір



Ташкент. Әмір Темір ескерткіші

Кожа Барлас та монгол хандарының қаһарынан сескеніп тұратын. Ол монгол ханы Түғелүқ Темірдің Мауароуннаһр халқын жазалау үшін келе жатқанын естіп, Әмудариядан өтіп, шет өлкелерге бас сауғалап қашады. Ал оның 24 жасар жиені Темірбек немере ағасынан рұқсат сұрап, кері оралады.

Монголдар Әмір Темірдің батылдығын мойындаپ, оны Кеш уәләятына доруга, яғни бастық етіп тағайындейды.

Әмір Темір ұлы қолбасшы, көреген саясаткер болатын. Ол жеңіс әскер санының көптігіне, ал тізе бүтіп жеңілу әскер санының аздығына байланысты емес, керісінше Жаратқанның қолдауы мен пендесінің шеберлігіне байланысты деп санайды.



«Тәжірибемнен байқағаным, іскер, қайрат пен жігердің иесі, алған бетінен қайтпайтын, істің көзін білетін, өжет те сергек бір адам енжар, істің көзін білмейтін мындаған адамдардан жақсы»¹.

¹ Темір түзіктері. –Т.: Fafur Fylam atyndaғы баспа-полиграфия бірлестігі, 1991 жыл, 15-бет.



Бір адам мың адамның ісін атқара ала ма? Сен бұны қалай түсіндіресің?

Әмір Темір бабамыз өмірде бұл сөздерге қатаң мойынсұнған. Мәселен, ол Қаршы бекінісі үшін жүргізілген шайқастарда өзінің 243 әскерімен жаудың 12 мың адамдық атты әскерін тасталқан еткен. Бұл – расында да істің көзін білетін жалғыз өжет адамның істің көзін білмейтін мындаған енжар адамдардан анағұрлым артық екенін дәлелдейтін мысал.



Самарқант. Әмір Темір ескерткіші



Әмір Темір барлық салаларда әділеттілікті басты өлшем деп қабылдаған. Ол «Күш – әділетте» деген ұранға сүйеніп өмір сүрген.



Сайыпқыранның «Тұзіктер» кітабында мемлекетті басқару, әскери жұмыстарды жүзеге асыру саласындағы тәжірибелері, келешек ұрпақтарға арналған кеңестері мен нұсқаулары баяндалған.

«Әрбір мемлекетте әділет есігін аштым, зұлымдық пен жауыздықтың жолын кестім», – деп жазады бабамыз «Тұзіктер» кітабында.



Әмір Темір ұлы жасампаз тұлға болған.

Сен Самарқант, Бұхара, Шахрисабз, Қаршы, Терміз, Ташкент, Марғылан сияқты ежелгі қалалардағы тарихи-сәулеткерлік ескерткіштер жөнінде естіген болсан қерек. Олардың арасында Әмір Темір бабамыз салдырыған ғимараттар да сақталып қалған.

Бабамыз Самарқант қаласы мен оның айналасында 14 үлкен бақ құрғызыған.



Әмір Темір ғылым мен ағарту ісінің, мәдениеттің, әдебиет пен өнердің демеушісі болды.

Ол билеген кезенде жоғарыда аттары тілге алынған қалалар ғылым мен білімнің, мәдениет пен сәулеткерліктің, әдебиет пен өнердің орталықтарына айналды.



Әмір Темір және темурилер заманында Мырза Ұлықбек, Әли Қосшы сынды ұлы ғұламалар, Бахауддин Нақшбанд, Қожа Ахорп Вали секілді әулие-әнбиелер, Мәулене Лутфі, Саккаки, Атаи, Әлішер Науай тақылеттес ақындар, Махмұд Мұзаниб, Камолиддин Бехзадбек рәүіштес суретшілер жетіліп шықты.

Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізден соң барлық ұлы бабаларымыз сияқты Әмір Темірді еске алу бойынша да жоғары құрмет пен қадірлеу ісі қолға алынды.



1993 жылы 31 тамызда Ташкент қаласында Әмір Темір ескерткіші ашылды. 1996 жыл елімізде «Әмір Темір жылы» деп жарияланды. Сол жылы 26 сәуірде мемлекеттің белгіленді.



1996 жылы Ташкент қаласында Темурилер тарихы мемлекеттік мұражайы, Самарқант және Шахрисабз қалаларында Сайыпқыран бабамыздың ескерткіштері ашылды.

Ташкент қаласындағы орталық саябақ пен көше, метро стансысы Әмір Темірдің атымен аталады. Еліміздің басқа қалаларында да ұлы бабамыздың аты берілген орындар көп.

Қорыта айтқанда, Сайыпқыран бабамыздың тәбәрік есімі, естелігі, тарихи мұрасы жоғары құрметке бөленип, рухани өміріміздің құрамдас бөлігіне айналды және еліміздегі жаңа мемлекет пен қоғам құрылышына қызмет етіп келеді.



Темурилер тарихы мемлекеттік мұражайы



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен тұратын калада немесе махалланда Әмір Темір атымен аталатын орындар бар ма?
2. Әмір Темір бабамызға лайықты болу үшін не істейу керек дег ойлайсың?
3. Суреттегі ескерткіштер еліміздің қайсы қалаларында орналасқандығын айт.



1



2



3

4. «Күш – әділетте» деген ұранның мағынасын түсіндіруге әрекет жаса.

ҚАЙТАЛАУ

«ОТАН – БІРЕУ ӘРІ ҚАСИЕТТІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР



1. Абдулла Авлонидің Отан туралы пікірлерін баяндап бер.
2. Тұманбай Молдағалиев Отан туралы қандай өлең жазған?
3. Отан ішіндегі кіші Отан дегенде нені түсінесін?
4. «Махалла» және «қыстак» сөздерінің мағынасын түсіндір.
5. «Шаһар» сөзінің мағынасын айтып бере аласың ба?
6. Мына суреттерде еліміздегі қайсы маусымдар бейнеленген?



ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Отан дегенде нені түсінеміз?

- A) Кіндік қанымыз тамған жерді
- B) Көз жасымыз тамған жерді
- C) Мандай теріміз төгілген жерді
- D) Тұз-несібеміз төгілген жерді

2. «Махалла» сөзі қандай мағынаны білдіреді?

- A) Орын деген мағынаны
- C) Отан деген мағынаны
- B) Ана деген мағынаны
- D) Гузар деген мағынаны

3. «Қыстақ» сөзі қандай мағынаны білдіреді?

- A) Қысы сұық орын дегенді
- C) Қыстап шығатын орын дегенді
- B) Шалғай жер дегенді
- D) Жұмыс істейтін жер дегенді

4. «Шаһар» сөзі қандай мағынаны білдіреді?

- A) Адам көп жасайтын жер деген мағынаны
- B) Мемлекет деген мағынаны
- C) Қолөнершілер отаны деген мағынаны
- D) Абат мекен деген мағынаны

«ОТАНДЫ ҰҒЫНУ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР



1. Отанымыздағы әрбір аумақтың өзіне тән ерекшелігі жөнінде нелерді білесің?
2. Отырыкты өмір белгілерін атап көрсет.
3. Көңілдегі Отан туралы қандай әңгімені білесің?
4. Ұлы колбасшы Жалолиддин Мангубердінің ерлігі және Президент Ислам Каримовтың ол туралы білдірген пікірлері жөнінде әңгімеле.
5. Суреттегі көріністер Отанды ұғынуға байланысты ма?



1



2



3

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Самарқант қаласы қайсы тағамымен әйгілі?

- | | |
|-----------------|-----------|
| A) Палау | D) Лагман |
| B) Тандыр көуап | E) Нан |

2. Отырыкты өмірдің белгілерін нелерден көруге болады?

- A) Анық бір орында қауымдастып тұракты өмір сұруден
- B) Теніз жағалауларында өмір сұруден
- C) Мал шаруашылығымен айналысудан
- E) Бір орыннан екінші орынға көшіп жүруден

3. Көңілдегі Отан жөніндегі әңгіменің аты

- | | |
|---------------|-----------------------------|
| A) «Хелладос» | C) «Софыс және бейбітшілік» |
| B) «Греция» | D) «Ку бала» |

4. Ұлы бабамыз Жалолиддин Мангуберді кім болған?

- | | |
|------------------------|------------------------------|
| A) Ұлы қолбасшы | C) Қатардағы жауынгер |
| B) Ұлы ақын әрі ғұлама | D) Самарқант қаласының әкімі |

«ОТАН СЕЗІМІ» ТАҚЫРЫНЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР



1. «Маугли» шығармасында не туралы әңгімеленеді?
2. Отан сезімі неліктен адам баласына өмір бойы серік, үндес болады?
3. Захириддин Мұхаммед Бабырдың қабірі қай жерде?
4. Жанқиярлық дегенде нені түсінесін?
5. Мына суреттерде Отан сезімі қалай бейнеленген?



ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. «Маугли» шығармасында не туралы әңгімеленеді?

- A) Хайуанаттар ортасына бейімделіп кеткен бала туралы
- B) Ата-анасын сағынған бала туралы
- C) Адам ортасына бейімделіп кеткен мысық туралы
- D) Жабайы жануарлар туралы

2. Адам баласына өмір бойы серік, үндес болатын сезім

- A) Сағыныш сезімі
- B) Төзімділік сезімі
- C) Отан сезімі
- D) Біліктілік сезімі

3. Фұлама сөздің мағынасы не?

- A) Фалымдардың фалымы
B) Ұлы ақын
- D) Тарихшы фалым
C) Ұлы қолбасшы

4. 2014 жылы 15-16 мамыр күндері халықаралық конференция өткізілген қаланы тап.

- A) Ташкент
B) Жыззак
- D) Самарқант
C) Қоқан

«ЖАНҰЯ – ОТАН РӘМІЗІ» ТАҚЫРЫНЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР

- ?** 1. Президент Ислам Каримов жанұяны қалайша сипаттаған?
2. «Өз үйім – өлең төсегім» деген нақыл сөздің мағынасын түсіндіре аласың ба?
3. Отанды неліктен анаға тенейміз?
4. Қандай әйгілі өүлеттерді білесің?
5. «Күс ұяда не көрсө, соны іледі» деген мақалды түсіндіріп беруге өрекеттеп.
6. Суреттерге карай отырып, жанұяның адам өміріндегі маңызы жөнінде әңгімелеп.



ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Отан туралы айтылғанда көз алдымызға нелер келеді?

- A) Туылыш-өскен үйіміз
B) Мектебіміз
- C) Дәптеріміз
D) Көшеміз

2. Тәуелсіздік алаңындағы ескерткіштің аты қандай?

- A) «Ел-жұрт тірегі»
B) «Бақытты ана»
- C) «Азалы ана»
D) «Ізгілік аркасы»

3. Әйгілі тарихи әuletтердің аттары жазылған қатарды көрсет.

- A) Мұғалімдер, дәрігерлер C) Инженерлер, сәулеткерлер
B) Фалымдар, ақындар, зиялыштар D) Темурилер, бабурилер


4. Жанұяны неліктен қоғамның негізі дейміз?

- A) Қоғам мындаған жанұялардан құралғаны үшін
B) Адам баласы жанұяда өсіп, қалыптасатыны үшін
C) Негізгі уақытымыз жанұяда өткені үшін
D) Жанұя қасиетті орта болғаны үшін

«ОТАНҒА СҮЙІСПЕНШІЛК» ТАҚЫРЫНЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР



1. Адамның ең басты арманы не?
2. Шираққа күш пен сенім берген не деп ойлайсын?
3. Елбасымыз Ислам Каримов «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабында Алпамыс жөнінде қандай пікірлер білдірген?
4. Суреттер арасынан «Отанға ант» ескерткішін тауып, көрсет.



5. Сен де әскери болып, салтанатты ант қабылдағың келе ме?

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Адам баласы үшін ең биік арман не?

- A) Дүние жүзін бойлап саяхат жасау
B) Кәсіп пен өнер, оқу мен білім иесі болу
C) Ата-анаға, ел-жүртқа мінсіз қызмет ету
D) Өзгелерден артта қалып қоймау

2. «Тарих шындығы көрсеткеніндей, қан тамырында ұлттық мақтаныш, Отанға деген сүйіспеншілік соғып тұрган адамға ғана ұлы істерге қабілетті болады» деген дәйексөз Елбасымыздың қайсы кітабынан алғынған?

- A) «Olloh qalbimizda, yuragimizda» кітабынан
- B) «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» кітабынан
- C) «Vatanga qasamyod – mardlik va jasorat madhiyasi» кітабынан
- D) «Vatan sajdah kabi muqaddasdir» кітабынан.

3. Шираққа күш пен сенім берген не?

- A) Өзіне деген күшті сенім
- B) Жауды жақсы білгені
- C) Достары көп болғаны
- D) Туған еліне сүйіспеншілігі

4. «Отанға ант» ескерткіші қайсы қалада орнатылған?

- A) Самарқант
- B) Ташкент
- C) Терміз
- D) Қаршы



Екінші таралу. ОТАН-АНАМЫЗ – АБЫРОЙ-МАҚТАНЫШЫМЫЗ

ӨЗБЕКСТАН ДЕГЕН АТЫ БАР

Қадірлі оқушы, енді сенімен туған өлкеміз – Өзбекстан жөнінде сұхбат құрамыз. Бұл өте мазмұнды сұхбат-саяхат болып табылады.

! Өзбекстан – әлемдегі ең ежелгі әрі қайталанбас ғажайып өлкелердің бірі. Ол Азия құрлығының ортаңғы бөлігіне, яғни Орталық Азия аймағына орын тепкен.

 «Аймақ» – араб тілінен кіріп келген сөз, ол бағыт, шекара, аумақ деген мағыналарды билдіреді.

Өзбекстан солтүстік-шығысында Қырғызстанмен, солтүстігі мен батысында Қазақстанмен, онтүстік-батысында Түркіменстанмен, онтүстік-шығысында Тәжікстанмен, ал онтүстігінде ішінана Ауғанстанмен шекаралас.

 **Өзбекстанның жалпы жер көлемі 447 400 шаршы километрді құрайды. Жер көлемінің бестен төрт бөлігі ойпатты жазықтықтардан, азын-аулақ бөлігі таулардан, адырлардан және тау баурайларынан тұрады.**

Өзбекстан аумағынан Орталық Азияның ең ірі өзендері – Әмудария мен Сырдария ағып өтеді. Мемлекеттің шығыс және онтүстік-шығыс бөлігінде Тянь-Шань, Алай, Түркістан, Зарафшан және Гиссар таулары бар. Бұл таулардың аралығында Ферғана, Зарафшан, Китаб-Шахрисабз, Сұрхан-Шерабад, Шыршық-Ахангаран сияқты үлкен аңғарлар орналасқан. Халықтың негізгі бөлігі осы аңғарларда жасайды.



Отанымыздың астанасы – Ташкент қаласы. Өзбекстан бір республика мен 12 облыстан құралған. Бұлар: Қарақалпақстан Республикасы, Әндижан, Бұхара, Жыззак, Науай, Наманган, Самарқант, Сырдария, Сұрхандария, Ташкент, Фергана, Хорезм және Қашқадария облыстары.



«Отанымыздың әрбір облыстың, ауданның, әр ауыл мен қыстақтың, қаланың – барлығының өзіне тән бейнесі, кескін-келбеті мен түр-сипаты бар»¹.

Өзбекстанды бір көрген адам оны қатты ұнатып қалатыны сөзсіз. Елімізге сан мындаған туристер ағылып келіп жатыр, олар мына жомарт, күн шуақты өлкенің ғажайып сұлулығы өздерін ғашық еткені жайлы толғана әңгімелейді.



Өзбекстан алтын қоры бойынша дүниеде төртінші орында тұрады. Елімізде уран, мұнай мен газ, мыс, күміс, литий, фосфор, калий сынды минералды қазбалардың бай қоры, 20 мәрмәр кені, 15 гранит және асыл тастар кені бар.

Өзбекстан – жылдың төрт мезгілі толық көрініс табатын әлемдегі санаулы ғана мемлекеттердің бірі. Еліміздің диқаншылыққа өте-мөте қолайлы, мол өнімді топырағы, өзендері мен көлдері, ғажайып табиғаты, гүлденген қалалары мен ауыл-қыстақтары, көптеген өнеркәсіп орындары, теміржолы мен автомагистральдары, оқу-тәрбие, медицина, мәдениет ошақтары – бәрі қосылып ұлттық байлығымызды құрайды.

Сен «Нексия», «Дамас», «Матиз», «Ласетти», «Спарк», «Кобальт», «Малибу» және «Орландо» жеңіл автомобильдерін, «Сузуки» автобустарын, «Ман» жүк машиналарын жақсы білесін. Бұл машиналар тәуелсіздік жылдарында Асака және Самарқант қалаларында іске қосылған автомобиль зауыттарында жасалады.

¹ **Ислам Каримов.** Xalq ishonchi – oliv mas’uliyat. –Т.: «Узбекистон» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2000 жыл, 225-бет.



Біздің еліміз әлемдегі автомобиль жасау өнеркәсібі дамыған 28 мемлекеттің бірі болып саналады.


Еліміз халқының жүз пайызы дерлік сауатты екені үлкен рухани байлығымыз болып табылады. Самарқант, Бұхара, Хиуа, Ташкент, Қаршы, Терміз, Кермене, Шахрисабз, Марғылан және Қоқан секілді ежелгі қалалардағы құнды жәдігерліктер де – айтулы мақтанышмызы.

Мемлекеттегі түрлі институттарда, кітапханалар мен мұражайларда аса құнды қолжазбалар бар. Зардыштиліктің көне кітабы «Авесто» да біздің топырағымызда – ежелгі Хорезм топырағында дүниеге келген.



Мұсылман әлемінде барша мойындайтын алты ұлы хадистанушының үшеуі – біздің жерлестеріміз. Олар: Имам Бұхари, Имам Термізи және Имам Насой.

ҰЛЫ БАБАМЫЗДЫҢ ҰЛЫ КІТАБЫ



Қадірлі отандас, дүниеде бірінен-бірі қызықты, бірінен-бірі пайдалы кітаптар көп. Бірақ олардың арасында бүкіл адамзат үшін бірдей қадірлі, мындаған жылдар өтсе де өз құнын жоймайтындары саусақпен санарлықтай ғана.

Біз үшін ең қуанышты жері сол, адамның ақыл-зейінімен жазылған кітаптардың ең ұлысы біздің ұлы бабамыз Имам Бұхаридің атымен тығыз байланысты. Бұл – бүкіл мұсылман әлемі мойындаған шындық.



«Осынау қасиетті тұлғаның рухани мұрасының ең бастысы болып табылатын хадистер жинағы – «Ал-жоме ас-саҳиҳ»¹ кітабы ислам дінінде Құрані кәрімнен кейінгі екінші қастерлі қайнар болғандықтан, ислам сеніміне орай, ол өркениет жолында жазылған кітаптардың ең ұлысы саналады. Міне, он екі ғасырдан бері бұл кітап миллиондаған адамдардың жүргегін иман нұрымен жарқыратып, хақ жолына үндең келеді»².



Қадірлі оқушы, сен тағы қандай ұлы кітаптарды білесің?

Ерте замандарда Қытайдан басталып, Шығыс пен Батысты өзара байланыстырып тұрған Ұлы жібек жолы біздің Отанымыздың аумағынан өткен. Бұл жол арқылы өлкемізге қажетті тауарлар мен өнімдерден тыс әр түрлі халықтарға тән мәдениет белгілері де кіріп келген.



Жібек жолы Қытайда өндірілген жібек маталарды Еуропа мемлекеттеріне жеткізіп, құрлықтар мен елдерді байланыстыруға қызмет еткені үшін оған «ұлы» деген атау қосып айтылған.

Төуелсіздік жылдарында ұлттық байлықтарымызға байлық қосу жолында ауқымды жұмыстар қолға алынды. Әсіреле сен секілді жас үрпақ өкілдері тек материалдық тұрғыдан фана емес, рухани тұрғыдан да ешкімнен кем болмай кәмелетке жетуі үшін барлық қолайлылықтар туғызылып жатыр.

¹ «Ал-жоме ас-саҳиҳ» – сахих, яғни сенімді хадистер жинағы дегенді білдіреді.

² **Ислам Каримов.** Yuksak ma’naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маңнавият» баспасы, 2013 жыл, 38-бет.



Біздің ең ұлы байлығымыз – өз Отанын жан-тәнімен сүйетін, оның әрбір сүйем жерін көзінің қарашығындағы қорғайтын, ниеті таза, мақсаты ұлы, қайратты да жүректі халқымыз. Еліміздегі барша байлықтардың иесі, жаратуышы, оларды түрлі сынаптар мен машақаттардан күмәнсіз сақтап келе жатқан құдіретті де жасампаз күш – халқымыз болып табылады.

Өзбекстан – біздің жер бетіндегі бірден-бір Отанымыз. Жақсы құндеріміз де, жаман құндеріміз де осынау қасиетті топырақта өтеді. Ата-бабаларымыздың бейнесі, ана-әжелеріміздің әлді, бүгініміз беренесінде – бүкіл өміріміз, тыныс-тіршілігіміз осынау қасиетті Отанның гүлденуіне байланысты. Сондықтан өзіміз туылып-өскен, киелі топырағында аяғымыздың ізі қалған, әр күні, әр минут сайын баға жетпес байлықтарынан ләззат алатын бұл ел үшін әрқашан қызмет етуге дайын болуымыз қажет.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Егер сен ақын болсан, Өзбекстанға сүйспеншілігінді қалай бейнелеген болар едін?
2. Әрбір маусымның табиғаттағы орны мен әсемдігі туралы әңгімелеп бере аласың ба?
3. Саған қайсы маусым көбірек ұнайды?
4. Еліміздің қайсы қалаларына барғың келеді?
5. Суреттерге зер салып, еліміздің байлықтары жөнінде білгенінді айт.



1



2



3



4

ӨЗБЕКСТАН ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАСЫ

Қадірлі окушы, адам өмірінде кітап ерекше орын иелейді. Әсіресе жазу мен оқуды үйрену, білім алу, ең керекті кәсіп пен өнер дағдыларын менгеру істерінде біздің ең жақын досымыз әрі басты кенесшіміз кітап болып саналады.

Кітап ежелден-ақ білім мен ағартудың, ізгіліктің қайнары болған. Енді фана қара жерді жарып шыққан жас өркеннің жарық күнге ұмтылғаны сияқты адамзат та кітапқа, оку-білімге ұдайы талпынып өмір сүреді.

Қанқұйлы жау бірер мемлекетке бастырып кірсе, оның басқа да құнды байлықтарына қоса кітаптарын да жойып жіберуге тырысатыны немесе олжа ретінде алып кетпек болатыны тегін емес. Дүшпан өздері басып алған халықты осы жолмен руханиятынан, тарихи жадынан мақрұм етіп, оны бүтіндей бодан етуге әрекет жасайды.

Әлем халықтарының мәдени байлығы немесе даму тарихы жөнінде сөз қозғалғанда, алғашқы кезекте олардың ғалымдары, ақындары мен жазушылары қандай ұлы шығармалар жазғаны тілге алынады.

Біз үшін Имам Бұхаридің «Ал-жоме ас-саҳіх», Әбу Райхан Берунидің «Ежелгі халықтардан қалған жәдігерлер», Ибн Синаның «Медицина заңдары», Әлішер Науайдың «Хамса» шығармалары және басқа кітаптар ұлы байлық болып саналады.



Кітап арқылы біз тарихтан, ұлы бабаларымыздың өмірінен, келешек үрпакқа мұра етіп қалдырган істері мен өситеттерінен хабардар боламыз. Кітап оку арқылы әлемдегі басқа халықтардың өмір салты, тілі, діні, әдет-ғұрыптары жөнінде түсінік алып, оларды ешкімнің үйретуінсіз-ақ ұнатып қаламыз. Кітап арқылы өзімізді басқаларға танытамыз.



Кітап – мемлекет пен қоғамның дамуын көрсететін ұлы өлшем. Кітап барлық замандарда қадірленіп келген. Ата-бабаларымыз оны өте қадірлі де қастерлі зат санап, үйдің төрінде, арнаулы сөрелерде, кейде тіпті темір сандықтарда сақтаған.



Кітапты сақтау мен пайдаланудың ең қолайлыш жолы – кітапхана. Атқаратын міндетіне, үлкен-кішілігіне орай кітапханалар өр түрлі болады. Біздің елімізде ежелден-ақ әр үйдің өзіндік кітапханасы болған. Бұндай кітапхана жанұялық немесе жеке кітапхана деп аталады. Әрбір оқу орнында да оқушылар мен оқытушылар пайдаланатын кітапханалар бар. Бүгінгі таңда олар компьютерлік техникамен, технологиямен, интернет жүйесімен жабдықталғандықтан, олардың

аты да, атқаратын міндеті де өзгеріп, акпарат-ресурс орталығы деп аталатын болды. Сен де өз мектебінде осындай орталықтың қызметін пайдаланып жүрсін, әрине.

Кітапхананың бұдан тыс балалар кітапханасы, жастар кітапханасы, ғылыми кітапхана, үйымның кітапханасы, мемлекеттік кітапхана дейтін түрлері де бар.

Дүниедегі әрбір мемлекеттің рухани-интеллектуалдық әлеуетін көрсететін орталық немесе ұлттық кітапханалары да болады.

! Өзбекстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандың қабылдаған жарлығына сәйкес Әлішер Науай атындағы Өзбекстан үлттых кітапханасына негіз салынды.

Бұл кітапхана 1870 жылы Ташкент халық кітапханасы деген атпен істей бастаған, кейінірек Түркістан мемлекеттік кітапханасы, Орта Азия мемлекеттік кітапханасы, Өзбекстан мемлекеттік халық кітапханасы деген аттармен аталған кітапхана негізінде құрылды.

Үлттых кітапхана 2012 жылы қазіргі сөүлетті ғимаратта жұмыс бастады. Ғимараттың өте өсем де қайталанбас көркі көрген жанды өзіне баурап алады. Ол Ағарту орталығы деп аталатын, үлттых кітапханамен бірге Симпозиумдар сарайын да қамтитын кешенниң құрамына енеді. Осынау ғажайып кешен Ташкент қаласының Әлішер Науай көшесіне орын тепкен.

! Симпозиумдар сарайында Өзбекстан дамуының түрлі салаларында қол жеткізілген жетістіктерге арналған халықаралық конференциялар өткізіледі. Бұл жиындарға мемлекет Президенті Ислам Каримов қатысып, баянда-ма жасайды.

Ағарту орталығының шығыс жағында музыкалы субүрқак, ал оның айналасында жасыл алаң мен саябақтар орналасқан.

Үлттых кітапхананың ішіне кірсөніз, одан ары таң-тамаша боласыз. Бұл жерде барлығы 12 зал бар, олардың әрқайсысы нақты міндettі атқарады. Залдардағы кітап мұражайы, балалар бөлмесі, киноорталық, буфет, демалыс аймақтары, оқу орталығы мен электронды кітапхана да кең де жарықтығымен, барша қолайлыштарымен келушілерге көтерінкі көніл күй бағыштайды.

Кітапхананың кітап және ақпарат-ресурс қоры өте бай әрі сан алуан. Оның жалпы көлемі 6 миллион нұсқадан астам. Олар-



дың арасында Құрани көрімнің ежелгі нұсқаларынан бастап, Әлішер Науай мен басқа да классик ақын-жазушыларымыз шығармаларының құнды қолжазбаларына дейін, XIX-XX ғасырлардағы үлттық баспасөзіміздің үлгілері, өзбек және дүние жүзі әдебиетінің інжұ-маржандары, түрлі салаларға қатысты ғылыми, ғылыми-көпшілік кітаптар, олардың баспа және электронды нұсқалары, интернет материалдары бар.


Кітапхана бір мезгілдің өзінде 900 адамға қызмет көрсете алады. Бұл жерде 220 оқушы орны компьютермен жабдықталған, бір академиялық сафат бойы интернетті тегін пайдалануға болады. Сонымен қатар нетбуктар жалға беріледі, 10 инфокиоск, брайл жазуымен басылған, яғни соқырларға арналған кітаптар, брайл клавиатурасымен жабдықталған компьютерлер жұмыс істейді.

Тоқ етерін айтқанда, үлттық кітапхана мемлекеттің рухани қазынасы болып табылады. Құн сайын осынау құтты ордаға ғылым-білім нәрінен сузындауға топ-тобымен келіп жатқан жастарды көріп, халқымыздың шын мәніндегі жоғары руханиятты халық екендігіне көз жеткіземіз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен кітапты сүйесің бе?
2. Сенің жеке кітапханаң бар ма?
3. Онда қандай кітаптар бар?
4. Мектебіндегі акпарат-ресурс орталығының қызметін пайдаланасың ба?
5. Компьютер кітаптың орнын баса ала ма?
6. Суреттердегі кітаптардың қайсысын тандар едің? Неліктен?



1



2



3



4

ӨЗБЕКСТАН ХАЛҚЫ

Қадірлі оқушы, біздің ең үлкен байлығымыз еңбеккер әрі данышпан халқымыз екенін бұрынғы сабағымыздан біліп алдын. Сондықтан Отанымызды қаншалықты сүйіп, ардақтасақ, оның бар ауыртпалығын иғымен көтеріп келе жатқан халқымызды да соншалықты сүйеміз.

Әлемдегі ең әдемі сөздер, дәріптеулер Отанымызға қандай жарасса, халқымызға да сондай жарасады. Ең faziz атау – ана сөзін ең алдымен «Отан», «халық» деген сөздерге қосып айтамыз.

! Отан мен халықты ешқашан бір-бірінен бөлек елестете алмаймыз. Халқымыз бейнесінен Отанымызды көрсек, Отанымыз бейнесінен халқымызды көреміз.

Халқымыз әлемдегі ең ежелгі халықтардың бірі болып саналады. Ең алдымен Отанымыздың көнелігі, оның топырағында осыдан үш мың жылдай бұрын бұл халықтың шаһарлар мен қыстактар құрғаны, ұлттық мемлекет пен мәдениеттің негізін қалағаны осыны айғақтайды.

 «Халық» сөзі араб тілінен аударғанда «жаратылған» деген мағынаны білдіреді. Яғни ізгі істерге қабілетті, бір тілде сөйлейтін, ортақ дәстүрлер мен құндылықтар негізінде өмір сүріп, ортақ мақсатқа қарай ұмтылатын адамдар тобы халық болып саналады. Бұл сөзбен қатар ұлт, ел, ұлыс, тұрғындар, халайық сөздері де қолданылады.

! «Өзбекстан халқын, ұлтына қарамастан, Өзбекстан Республикасының азаматтары құрайды»¹.

¹ Өзбекстан Республикасының Конституциясы. 8-бап. –Т.: «Узбекистон» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2014 жыл, 5-бет.



Мемлекетіміз көп ұлтты, елімізде өзбектерден тыс қарақалпақ, тәжік, казак, қырғыз, түркімен, орыс, украин, корей, неміс, армян, әзербайжан, еврей сынды 130-дан астам ұлттар мен ұлыстардың өкілдері жасайды, олардың барлығы бірігіп Өзбекстан халқын құрайды. Бұл, әрине, мемлекетіміз үшін сирек кездесетін құбылыс. Себебі әрбір ұлт – Жаратқанның ұлы ғажайыбы болып табылады. Сан түрлі ұлттар мен ұлыстардың өкілдері өзара қарым-қатынастың нәтижесінде бір-бірінен көп нәрсені үйренеді, салт-дәстүрлері мен құндылықтарын байытады. Бұндай орта ел азаматтарының бойында ұлттық және діни бауырмалдықты, өзге халықтардың мәдениетіне құрметпен қарау сезімдерін қалыптастырады.



Мемлекет халқының құрамында өзбек ұлтының саны басым, сондықтан ұлттық мемлекеттігімізді өзбек мемлекеттігі, ал оның атын Өзбекстан деп атایмыз. Өзбекстан – өзбектер жасайтын мекен дегені.



Өзбек халқы дегенде, Өзбекстанда және дүние жүзінің басқа мемлекеттерінде өмір сүретін өзбек ұлтына жаттын халықты, яғни өзбектерді түсінеміз.

Өзбек халкы әлемдік өркениетке үлкен үлес қосқан халықтардың бірі болып саналады. Бұл халық Алып Ертонға, Жалолиддин Мангуберді, Әмір Темір, Захириддин Мұхаммед Бабыр тәріздес батыл да батыр қолбасшыларды, Имам Бұхари, Имам Термізи, Имам Матуриди, Нажмиддин Кубро, Махмуд Замахшари, Бахауддин Нақшбанд сынды әулие-әнбиelerді, Ахмед Ферғани, Мұхаммед Хорезми, Ибн Сина, Әбу Райхан Беруни, Мырза Үлықбек рәуіштес ғұламаларды, Әлішер Науай, Машраб, Оғахи секілді ұлы ақындар мен ойшылдарды дүниеге әкелген.



Өзбекстан халқының құрамы көп ұлтты болғанында, өзбек ұлтының құрамы да көп ұлысты болып келеді.

Соғылар, сақтар, массагеттер сияқты түркі тайпалары қазіргі өзбектердің арғы аталары болған. Сен массагеттер көсемі Тұмаристің иран әскерлеріне, сақ тайпасынан шыққан Ширақ батырдың Дари әскерлеріне, ал соғды перзенті Спитаменнің грек қосындарына қарсы табанды құрес жүргізгені жөніндегі әңгімелерді қызыған шығарсын.

Өзбек халқының құрамын қалыптастыруға қарлұқ, оғыз, найман, қыпшақ, қоңырат, кенегес, барлас, манғыт сынды көптеген тайпалар мен рулардың өкілдері де маңызды үлес қосқан.



Адамның қай рудан немесе қай ұлыстан екендігі оның басқалардан жоғары тұратынын және дербес женілдікке ие болатынын білдірмейді. Біз бірегей Өзбекстанның бірегей өзбек халқына жататынымызды терең түсініп, соны әрқашан мақтан тұтуымыз керек.



«Дүниеде бірынғай өзбек ұлты бар, хорезмдік, ферғана-лық, сұрхандариялық арасында ешқандай ұлттық айырма жоқ, олардың барлығын да өзбек халқының перзенті деп үғынуға, жас үрпақты нақ осындағы рухта тәрбиелеуге тиіспіз»¹.

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 91-бет.

Ата-бабаларымыз ежелден-ақ Әмудария мен Сырдария бойын мекендей, бұл аумақтағы көгалдар мен жазықтарда дербес өркениетке, яғни мәдени дамуға негіз қалаған. Көптеген үңгірлер мен жартастарға қашап салынған суреттер, хаттар, классикалық әндер мен күйлерді қамтитын «Шашмақом» тәрізді мәдениет жәдігерліктері, Варахша, Афрасияб, Кеш, Нақшаб, Қубо, Ахсикент, Мыңғерік, Шахрухия тақылеттес аңыздық қалалардың қалдықтарынан табылып жатқан құнды деректер сол өркениеттің жемістері болып саналады.



«Цивилизация», яғни «өркениет» сөзі латын тілінен аударғанда мәдени даму деген мағынаны білдіреді.



«Халық – мемлекеттік өкіметтің бірден-бір қайнары»¹.

Халық еліміздегі барлық байлықтардың иесі болғандықтан, мемлекеттік шенбердегі үлкен өзгерістер оның ризалығымен жүзеге асырылады. Бүгінгі танда мемлекетті басқару мен түрлі реформаларды жүзеге асыру бойынша маңызды шешімдер қабылдауда нақ осы ереже бұлжытпай орындалып келеді.

Сен ата-анаңның махалла жиналыстарына барғанын, кейде «Сайлауға барып, дауыс беріп келейік», – деп, таң атқаннан-ақ сайлау участсіне аттанып бара жатқанын көрген шығарсын. Адамдар мемлекеттік және қоғамдық маңызы бар мәселелерге өзінің көзқарасын осылай білдіреді. Халық еркінің жүзеге асуы деп осыны айтамыз. Мындаған, миллиондаған азаматтардың көзқарасы, қалау-еріктері жинақталып, бүкіл халықтың еркіне айналады.



Азамат – мемлекет аумағында тұрақты жасаітын, мемлекеттің және қоғамның өміріне қатысты мәселелерді шешуге қатысуға құқылы тұлға.

¹ Өзбекстан Республикасының Конституциясы. 7-бап. –Т.: «Узбекистон» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2014 жыл, 5-бет.

Корыта айтатын болсақ, Өзбекстан халқы елімізде орнатылып жатқан жаңа өмір мен жана қоғамның негізгі құрылышсы болып саналады. Бұл қоғамның мән-мазмұнын, даму дәрежесі мен болашағын сол халықтың арман-тілектері мен ұмтылышы белгілейді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Біз өз халқымызды неліктен сүйеміз?
2. Суреттерде халқымыздың қандай салт-дәстүрлері бейнеленген?



1



2



3

3. Сен халқымыздың қайсы қасиеттерін ұнатастың?
4. Өз өмірінде сол қасиеттерге сүйнесін бе?
5. Өзбекстан перзенті екендігінді мақтан тұтасын ба? Неліктен?
6. Халқымыз жөніндегі қандай өленді немесе әнді білесін?

Практикалық жаттығу

МЫРЗА ҰЛЫҚБЕК МҰРАЖАЙЫ

Кадірлі оқушы, сен Самарқант қаласына барғансың ба?



Самарқанттың 2750 жылдан астам тарихы бар. Ол әлемдегі Рим, Дамаск, Афина секілді ежелгі қалалардың қатарына жатады.

Бұл қалада адамды еріксіз қайран қалдыратын тарихи ескерткіштер, ұлы сөүлеткерлік жәдігерліктер көп. Солардың бірі — қаланың шығыс жағындағы көне Шопаната төбелігіне орын тепкен Мырза Ұлықбек обсерваториясы.



Обсерватория – жұлдыздардың және аспан денелерінің қозғалысын бақылайтын нысан.



Мырза Ұлықбек – Сайыпқыран Әмір Темірдің сүйекті немересі, Шығыс Ояну кезеңінің ең жарқын өкілдерінің бірі, әлемдік ғылым мен білімнің дамуына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ғұлама және мемлекет қайраткері. Оның шын есімі – Мұхаммед Тарагай. Атасы Әмір Темір оны «ұлық бегім» деп еркелеткендіктен, Мырза Ұлықбек деген есіммен әйгілі болып кеткен.

Обсерватория XIV ғасырда Мырза Ұлықбектің жарлығына орай салынған. Оның ғимараты үш қабатты болған, діни қайшылықтар, еларалық

қақтығыстар өмір сүрген кезеңдерде екі қабаты кирап, қатты бүлінген. Бүгінгі таңда обсерваторияның тек секстант деп атаптын, қос догадан тұратын төменгі бөлігі ғана сақталып қалған.



Елбасымыз Ислам Каримовтың бастамасымен 2010 жылы ғұл обсерваторияның орнында Мырза Ұлықбек мұражайы бой көтерді.



Мұражайдың кең де жарық за-
лын тамашалағанымызда, Әмір
Темір мен темурилер әулетінің
әлемдік тарихтағы орны жөнінде
әңгімелейтін үзінділермен, осы
әулет билеген кезенде тарихи қала-
ларымызда салынған сәулет ес-
керткіштерімен танысамыз. Ұлы
ағартушы ақын Әлішер Науайдың
темурилер әулетінің көрнекті өкілі
Ұлықбекке арнаған әйгілі өлең
жолдарын оқимыз. Мырза Ұлық-
бектің астрономия мектебі, ғылым саласындағы ұлы жаңалық-
тары, оның «Зиди жадиди Курагони», яғни «Көрегеннің жана
жұлдыздар кестесі» кітабының нұскалары да біздің көкейімізде
ұлken қызығу оятады. Бұл кітапта 1018 жұлдыздың орналасуы
анық көрсетілгені, Мырза Ұлықбек қандай аспап-құралдардың
көмегімен ғылыми бақылаулар жүргізгені туралы құнды
мәліметтерге ие боламыз.

Мұражайға орта ғасырларда Әмір сүрген ұлы поляк астроно-
мы Ян Гевелидің қолымен жасалған гравюраның үлкейтілген
нұсқасы да қойылған. Бұл туындыда Мырза Ұлықбек ежелгі аныздарға орай астрономия құдайы болып саналған Уранияның он
жағынан орын алған. Картинада Мырза Ұлықбек Птоломей, Ко-
перник, Галилео Галилей сынды әлемнің ұлы астрономдары
ортасында бейнеленген. Бірақ олардың арасынан тек біздің ба-
бамыз ғана ең ұлы мәртебеге лайықты деп саналған. Мырза Ұлықбектің бас жағында «Өз ісімді лайықты ізбасарларыма қал-
дырым» деген жазу бар. Бұл арқылы ұлы бабамыздың «мен
ашқан жаңалықтарды келешек ұрпақ міндетті түрде жалғасты-
рады» деген сенім-уміті айқын көрініс тауып тұр.

Расында да бүгінгі танда жас ғалымдарымыз ұлы ғұламаның
сол істерін лайықты жалғастырып келеді. Өзбекстан Ғылым ака-
демиясының Астрономия институтында және оған қарасты
Қашқадария облысының Китаб ауданына орналасқан Майдан-





нак обсерваториясында аспан денелерін зерттеу бойынша жемісті жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осындай бақылаулардың нәтижесінде 2010 жылы жаңа шағын фаламшар ашылды. Мемлекет Президенті Ислам Каримовтың ұсынысымен бұл фаламшарға «Самарқант» деген ат берілді.

Мырза Ұлықбектің ұлы жаңалықтары бүгінгі таңда да бүкіл әлемді таңдандырып отыр. Бұны төмөндегі өмірлік оқиға да дәлелдейді.

КОМПЬЮТЕРДІҢ ҚАТЕСІ

Елбасымыз Ислам Каримов 1996 жылы Париже ЮНЕСКО-ның Бас хатшысы Федерико Майормен әңгімелескенін еске алып, былай деп жазады: «**Сол кездे Майор Ұлықбектің ғылыми мұрасын жоғары бағалап, оның жұлдыздар қозғалысына орай есеп-қисаптарын бүгінгі таңдағы компьютердің көмегімен зерттеп көргенде, бар-жоғы бірнеше минутқа айырмасы болғаны анықталды деген сөзді айтты. Сонда мен бұған жауап ретінде: «Жоқ, Федерико Майор мырза, Ұлықбек қателесуі мүмкін емес, бәлкім компьютерлер қателескен шығар», – деген едім. Бұл сөз достық әзіл ретінде айтылған болса да, оның астарында терең шындық жатқаны рас еді деп ойлаймын»¹.**

Мұражайдан осы сөздерді де оқып алуға болады.



Қадірлі оқушы, сеніңше, адам көп қателесе ме, әлде компьютер ме?

¹ **Ислам Каримов.** Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch. –Т.: «Маънавият» баспасы, 2013 жыл, 46–47-беттер.

Мырза Ұлықбек мұражайынан шыққанымызда, оның солтүстік жағындағы әсем аланда бабамыздың еңсөлі ескерткіші бой көтеріп тұрғанын көреміз.

Бұл жердегі тамашадан кейін Самарқант қаласының орталығындағы Регистан аланына орын тепкен, XIV ғасырда Мырза Ұлықбек салдырған және көп жылдар бойы өзі шәкірттерге сабақ берген Ұлықбек медресесін барып көруімізге болады. Сонда ұлы бабамыздың игі істері жөніндегі түсінігіміз анағұрлым байи түседі.



Сұрақтар мен тапсырмалар:


1. Сен түнгі жұлдызды аспанды көргенсін бе?
2. Жұлдыздар жайлы көбірек білгін келе ме?
3. Мырза Ұлықбек обсерваториясы неліктен төбенің басына салынған?
4. Мырза Ұлықбек ескерткіші қайсы суретте бейнеленген?



1



2



3

5. Майданак обсерваториясы кай жерге орналасқан?



ӨЗБЕКСТАН МЕМЛЕКЕТИ

Қадірлі оқушы, әлемдегі әрбір халықтың арман-тілектерін, қалау-еріктерін жүзеге асыруда және оның мұдделерін қорғауда мемлекет өте маңызды орын иелейді.



Мемлекет – халықтың өз мұдделерін көзден құрган, өкілеттік берген кеңсе негізінде басқару əдісі.

Өзбекстан аумағында біздің жыл санауымыздан бұрынғы кезендерде де мемлекеттер болған. Бұны қалай білеміз? Зардыштилік ілімінің басты кітабы болып табылатын «Авесто» осыдан үш мың жылдай бұрын біздің елімізде, бүгінгі Хорезм тоғырағында дүниеге келген. Демек, «Авесто» біздің жыл санауымыздан бұрынғы VIII–VII ғасырларда жазылған. Бұл кітапта сол замандарда адамдардың қауымдасып өмір сүргені, олардың арасынан билеушілер сайланғаны, қалалар мен бекіністер салынғаны жөнінде айтылады. Ал бұлардың барлығы қазір біз өмір сүріп жатқан топыракта ұлттық мемлекеттілік болғанын білдіреді.

Отанымыздың астанасы – Ташкент қаласында «Орда» деген жер бар. Ерте замандарда хан сарайы орналасқан орынды орда деп атаған. Демек, Ташкент қаласындағы бүгінгі «Орда» деген жерде де хан сарайы болған.



«Орда» – «ортада» сөзінің өзгерген формасы, ол ортадағы орын, орталық деген мағынаны білдіреді.

Самарқант қаласындағы Көксарай Сайыпқыран Әмір Темір бабамыздың қонысы болғаны, Бұхара, Хиуа және Қоқан қалаларындағы Арқілер мен Орда үйлері, еліміздің түрлі аумактарында сақталып қалған қамалдар мен бекіністердің қирандылары да ежелгі мемлекеттігіміздің тарихи белгілері болып саналады.



Мемлекетіміз аумағында ерте замандарда Соғды, Бақтрия (Бохтар замин), Паркана, Күшан, Тұран, Түркістан, Мауароуннар, Саманилер, Қараханилер, Фазнавилер, Хорезм мемлекеттері ғулденіп, дамыған.

Ал XIX ғасырда Сайыпқыран Әмір Темірдің құдіретті мемлекетке негіз қалағанын сен бұдан бұрынғы сабактарымыздан жақсы білесін. Өкінішке орай Әмір Темір қайтыс болған сон, бұл мемлекет бірнеше шағын хандықтарға бөлініп кетті. Олардың арасында өзара қайшылық пен шиеленіскең қақтығыстар етек алды. Осының салдарынан шетелдік басқыншылар мемлекетке ауыз салып, тарыдай бытыратып жіберді. Алдымен Дешті Қыпшақтан келген қосын, сосын Иран әскерлері, ал XIX ғасырда патшалық Ресей армиясы елімізге басып кіріп, отарлап алды.

1917 жылдың қазан айында Ресейде большевиктер партиясы мемлекеттік төңкеріс жасап, өкімет басына келген сон, елімізде отарлық езгі бұрынғыдан да қүшейді. Большевиктер үкіметі 1924 жылы Орта Азия аумағында ұлттық шекаралану шараларын жүргізді. Соған орай Отанымыздың қазіргі аумағында Өзбек советтік социалистік республикасы құрылды.

Бұл кезенде еліміз «республика» деп аталғанымен, негізінде ұлken елге тәуелді республика болды. Тек 1991 жылы 31 тамызда ғана Президент Ислам Каримовтың басшылығымен өз тәуелсіздігімізге қол жеткіздік. Осыдан соң біз шын мәнісіндегі ұлттық мемлекетімізге ие болдық.



**Біріккен Ұлттар
Ұйымының ғимараты**



Өзбекстан 1992 жылы 2 наурызда дүние жүзі мемлекеттерінің халықаралық бірлестігі – Біріккен Ұлттар Ұйымына қабылданды. Бұғінгі таңда ол әлемдік қауымдастықтың тең құқылды мүшесі болып табылады.



Әлемдік қауымдастық дегенде, ортақ мақсаттар негізінде бірігіп іс-қимыл жасайтын мемлекеттер мен халықаралық үйымдар, әлемдегі барлық прогресшіл күштер тұсініледі.

Өзбекстан – дүниелік мемлекет. Дүниелік мемлекет дегенде, халықтың қалау-еркімен қабылданған Конституцияға және соның негізіндегі зандарға сүйене отырып дамитын мемлекетті тұсінеміз.



«Өзбекстан – егеменді демократиялық республика. Мемлекеттің «Өзбекстан Республикасы» және «Өзбекстан» деген атаулары бірдей мағынаны білдіреді»¹.

Демек, еліміз ресми турде «Өзбекстан Республикасы», «Өзбекстан» деген аттармен аталады. Ресми құжаттарда мемлекетіміздің аты нақ осылай жазылып, осылай айтылады. Жай сөзben сөйлесу үдерісінде оны «біздің мемлекетіміз», «еліміз», «Отанымыз», «топырағымыз» дейтін сөздермен бейнелеуге болады.

Өзбекстанның мемлекеттік құрылышы, яғни мемлекетті басқару және қоғамдық құрылышының мәні негізгі заңымыз – Конституцияда белгіленген. Сондықтан да мемлекеттік құрылыш туралы сөз қозғалғанда, конституциялық құрылыш деген тіркес те қолданылады.

Еліміз бүгінгі таңда құқықтық демократиялық мемлекет орнату жолымен алға басып барады. Құқықтық демократиялық мемлекетте барлық қарым-қатынастар заң негізінде жүргізіледі.



«Демократия» грек тілінен аударғанда «халық өкіметі» деген мағынаны білдіреді.

Құқықтық демократиялық мемлекетте ел өміріне қатысты маңызды мәселелер халықпен, оның өкілдерімен, яғни депутаттармен кеңесу негізінде шешіледі. Яғни бұндай мемлекетте азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, халықтың ерік-қалауы бірінші орында тұрады.

¹ Өзбекстан Республикасының Конституциясы. 1-бап. –Т.: «Узбекистон» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2014 жыл, 4-бет.

Бұғінде біздің елімізде құқықтық демократиялық мемлекеттің барлық белгілері мен ерекшеліктері, қағидаттары қалыптасып, жетіліп келе жатыр.

Өзбекстан Президенті Ислам Каримов «Күшті мемлекеттен – күшті азаматтық қоғамға қарай» деген идеяны алға қойды. Бұның мағынасы сол, құқықтық демократиялық мемлекет азаматтық қоғамды талап етеді.

 **Азаматтық қоғам – мемлекет пен қоғамды басқаруға азаматтар және олар құрган беймемлекеттік ұйымдар, өзін-өзі басқару институттары белсene қатысатын қоғам болып табылады.**

Сен өзің жасайтын жердегі махалла кенсесін жақсы білесін. Махалла – өзін-өзі басқару институты болумен қатар, азаматтық қоғамның өзіне тән үлгісі де.


Елбасымыздың дерлік барлық сөздері мен баяндамаларында құқықтық демократиялық мемлекет пен азаматтық қоғам орнатудың ең маңызды мәселелері жайлы пікір өрбітіліп, оларды шешу бойынша практикалық міндеттер белгіленеді. Әсіресе мемлекет басшысының 2010 жылы 12 қарашада Өзбекстан Олий Мажлисі Сенаты мен Зан шығару палатасының біріккен жиналышында баяндалған Мемлекеттегі демократиялық реформаларды терендете және азаматтық қоғамды дамыту концепциясы бұл салада зор маңызға ие болды. Осы концепция негізінде Конституциямызға маңызды өзгерістер мен қосымшалар енгізілді, бірқатар зан құжаттары қабылданды. Бұлардың барлығы да Өзбекстанның құқықтық демократиялық мемлекет және азаматтық қоғам орнату жолымен аршынды адымdap бара жатқанын дәлелдейді.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Махалла жиналыштарына сенін жанұяннан кімдер қатысады?
2. Бұндай жиналыштарда не туралы айттылатынына қызығасын ба?

3. Суреттердегі ежелгі қамалдар мен сарайлар неліктен салынған деп ойлайсың?



4. Егер мемлекет болмаса, адамдар бейбіт те ауқатты өмір сүре ала ма?

Практикалық жаттығу

ТӘҮЕЛСІЗДІК – ЕҢ АЛДЫМЕН ҚҰҚЫҚ ДЕГЕНІ

Қадірлі оқушы, Отан азат та тәүелсіз болса, оның күш-күдіреті күннен-күнге арта түседі, байлығына байлық қосылады, бұндай өлкеде өмір сұру шынайы бақытқа айналады. Сондықтан да туған жер туралы сөз қозғалғанда, тәүелсіздік тақырыбын айналып өтуге болмайды.



«Егемендік» сөзі тәүелсіздік дегенді білдіреді. Ал тәүелсіздік – ешкімге тәүелді болмай, өз құқы мен туған жеріне өзі иелік жасап, еркін де азат өмір сұру дегені.

Өз тағдырын өзі белгілейтін, бүгінгі және ертеңгі өмірін өз халқының ерік-қалауы негізінде, оның мұдделерін көздең үйимдастыратын, ішкі және сыртқы саясатын ерікті түрде жүргізетін, құқықтары мен шекараларын қорғап, өз азаматтары өмірінің қасиеттілігін сактай алатын мемлекет қана нағыз тәүелсіз мемлекет бола алады.



Тәүелсіздік сөзі еркіндік, азаттық, теңдік секілді сөздермен де астарласып жатады. Ал егемендік, яғни суверенитет сөзі француз тілінен аударғанда жоғары билік дегенді аңғартады. Сол себепті ол көбінесе биліктің тәүелсіздігін бейнелейді.



Мемлекеттің егемендігі, егемен республика, халық егемендігі сияқты ұфымдар қолданылған кезде, ең алдымен, өкімет билігіне иелік ету тұрғысынан тәуелсіз болуга мән беріледі.

Әзбекстан егемендікке қол жеткізгенге дейін КСРО деп аталағын империяның құрамында бұрынғы орталыққа бас иген он бес одактас республиканың бірі болды. КСРО зорлық пен зомбылдыққа, еркін де азат халықтарды мәжбүрлеу негізінде құрылған мемлекет еді. Ол ұлан-байтақ аумақты алып жатқаны, әлемдегі көптеген халықтарды өзінің бұғауы астында ұстап тұрған үшін коммунистік империя немесе қызыл империя деп аталды.



«Империя» – латын тілінен аударғанда абсолютті, яғни шектелмеген өкімет билігі бар, өзінің қол астына көптеген мемлекеттер мен халықтарды құшпен бағындырып тұратын ірі держава дегенді білдіреді.

Әдетте империяны император басқарған. Бірақ бұрынғы КСРО әдемі идеологиялық тіркестермен бүркемеленгені себепті өзін «тен құқықты социалистік республикалар одағы» ретінде көрсетуге тырысты. Бұл одакты осындай идеялардың орындалуын бақылап тұратын КОКП деп аталағын Кенес одағы коммунистік партиясы мен оның қөсемдері басқарды.

Астанамыз Ташкент қаласындағы «Күғын-сүргін құрбанда-ры» мұражайында отаршылдық жылдарында халқымыздың қаншалықты үлкен құрбандар бергені, азаттық жолының қаншалықты ауыр да күрделі болғаны жөнінде көптеген тарихи құжаттар бар.

Біздің ержүрек ата-бабаларымыз да жат жүрттық басқыншыларға қарсы тек карумен ғана емес, оқу-біліммен де күрес жүргізген. Бұған XX ғасырдың бас кезіндегі жәдиттік қозғалыс өкілдерінің қызметі жарқын мысал бола алады.



«Жәдит» сөзі араб тілінен аударғанда «жаңа» деген мағынаны білдіреді.

Ағартушы бабаларымыз тәлім-тәрбие орындарын жаңаша үйімдастыру, театрлар, кітапханалар, мұражайлар ашу, газеттер мен журналдар шығару жолымен халық тұрмысын өзгертуге талпынды. Сондықтан да олар «жәдиттер» деп аталды. Жәдиттердің негізгі мақсаты халықты білімді, сауатты ету арқылы елдің тәуелсіздігіне қол жеткізу болған. Бірақ тендік пен тәуелсіздік ешқашан өзінен-өзі қелмейді. Бұл туралы көрнекті ағартушы Мунаввар қары Абдурашидханов былай деген: «**Бұқіл дүниедегі еркіндіксүйгіш күштер арасында бір сөз бар: еркіндік берілмейді, алынады. Ешнэрсе оңай алынбайды, оны тек қан мен құрбандық арқылы ғана алуға болады. Адам Атадан осы уақытқа дейін ешқандай ел мен мемлекетке тендіктің берілгенін, онда да қансыз, құрбандықсыз берілгенін тарихтан таба алмаймыз**»¹.

Президент Ислам Каримов осы ақиқатты ескеріп, «**Азаттыққа тек күреспен ғана қол жеткізуге болады**»², — деген болатын.

Мемлекеттің тәуелсіздігі оның халқы үшін өз келешегін өзі белгілеу, азат та еркін, бейбіт өмір сүру құқын береді, иғі мақсат-

¹ Vatan va millat muqaddasdir. —Т.: «Маънавият» баспасы, 2000 жыл, 31-бет.

² **Ислам Каримов.** Vatan va xalq mangu qoladi. —Т.: Әлішер Науай атындағы Өзбекстан ұлттық кітапханасының баспасы, 2010 жыл, 17-бет.

тарға жету жолында үлкен мүмкіндіктер туғызады. Сондықтан да Елбасымыз: «Тәуелсіздік – ең алдымен құқық дегені»¹, – деп жиі айтады.

Расында да халқымыздың тәуелсіздіктен бұрынғы және тәуелсіздікten кейінгі өмірін салыстырып қарайтын болсақ, егемендіктің арқасында қаншалықты үлкен құқықтарға қол жеткізгенін көреміз. Әсіреле сен сияқты миллиондаған жастардың заманалық мектептерде оқып, білім алуы, ешкімнен кем болмай өсіп, кемелденуі тәуелсіз Отанымызда адам үшін, оның жан-жақты дамуы үшін орасан зор мүмкіндіктер жасалғанын көрсетеді. Бұндай құқықтардан ешқашан айырылмау үшін, еліміз гүлденген сайын оларды кеңейтіп, нығайтып отыру үшін біз халық алдындағы, Отан алдындағы борышмызды терең ұғынып, оларды жан-тәнімізben беріле орындауға ұмтылуымыз керек.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен өз құқықтарынды білесін бе? Борыштарынды ше?
2. «Тәуелсіздік – ең алдымен құқық дегені» дегенде нені түсінесін?
3. Суреттердегі балалар өз құқықтарын қалай пайдаланғандығы жөнінде әңгімелеп.



1



2



3



4

4. Сен өз құқықтарынның берік әрі тұрақты болуы үшін не істей керек деп ойлайсын?

¹ **Ислам Каримов.** Vatan va xalq mangu qoladi. –Т.: Әлішер Науай атындағы Өзбекстан ұлттық кітапханасының баспасы, 2010 жыл, 19-бет.

ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТИ

Қадірлі оқушы, біз сүйікті Отанымыз – Өзбекстанның тәуелсіздігі, егемендіктің арқасында қол жеткізген жетістіктері жөнінде әнгіме қозғалғанда, бір ұлы адамның есімін қадір-құрметпен тілге аламыз. Ол – Өзбекстан Республикасының Президенті Ислам Каримов. Бұл есім бүтінгі тәуелсіз Өзбекстан мемлекетінің атымен тығыз астасып жатыр, оларды бір-бірінен айырып алу мүмкін емес.



Президент Ислам Каримов – жаңа Өзбекстан мемлекетінің негізін қалаушы, әрбір күні жаңа, тың леппен басталатын барлық иғі өзгерістердің бастамашысы.

Өлкеміздің тәуелсіздікке қол жеткізуі, әлемдік қауымдастықтан лайықты орын иелеуі, ұлттық мемлекеттігіміздің тіктелуі, Өзбекстанның Конституциясы, «өзбек моделі» деген атпен бүкіл дүниеге танылған даму жолымыз, өміріміздің барлық салаларындағы реформалардың ойдағыдай жүзеге асырылуы – бәрі-бәрінде Елбасымыздың тарихи қызметі өлшеусіз ұлken. Осынау ұлы тұлға кеңестік жүйе әлі де билеп тұрған ауыр кезенде Өзбекстанның тәуелсіздігі жолындағы құресін батыл бастады. Бұрынғы одактас республикалардың басшылары арасынан бірінші болып елімізде президенттік басқаруды енгізді.



Президент – мемлекет басшысы, елдің Қарулы Қүштерінің Жоғары Бас қолбасшысы болып саналады. Оны Өзбекстан Республикасының азаматтары жалпыхалықтық сайлау негізінде бес жыл мерзімге сайлады.



Президент барлық азаматтардың құқықтары мен бостояндықтарының, Конституция мен заңдардың қатаң сақтауының кепілі болып табылады. Өзбекстан Президенті

еліміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілейді, оларды жүзеге асыруға басшылық жасайды, Өзбекстан Республикасының халқы атынан жұмыс жүргізеді.

 *Мемлекеттік саясат ішкі және сыртқы саясат болып белінеді. Ишкі саясат мемлекеттегі түрлі күштерді ортақ мақсат жолында біріктіру, реформаларды жүзеге асыру, елдегі алаңсыз өмірді сақтау, экономиканы өркендету, халықтың әл-ауқатын жақсарту сияқты мәселелерге бағытталады. Ал сыртқы саясат өзге мемлекеттермен, халықаралық ұйымдармен, әлемдік қауымдастықпен достық байланыстарды, ынтымақтастықты жақсартуға бағытталады.*

Сен бұрынғы кеңес заманында жүзеге асырылған әр түрлі зорлық-зомбылықтарды көрмеген бақытты ұрпактың өкілісін. Сол қанау мен езгіге толы жылдарда еліміздің байлықтары аяусыз таланды. Большевиктер тіпті ұлы бабаларымыздың қабірлерін ашып, олардың рухтарын мазалаудан да бас тартпады. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсанында Сайыпқыран Әмір Темір мен темурилер әuletінің қабірлері ашылды. Әмір Темірдің өмірлік серігі болған Бибіханымның мolasынан алтын заттарды, тіпті мәлиkenің бір сақинасын саусағымен қоса кесіп алғаны тарихтан белгілі.

Бұндай келенсіздіктер кеңес өкіметінің соңғы жылдарына дейін бірде жария түрде, тағы бірде жасырын жолдармен жалғаса берді. Өткен ғасырдың 80-жылдарында «өзбектер ісі» деген жалған айыптармен мындаған бейкүнә жандардың абақтыға жабылуы да сол зорлықтардың нәтижесі еді. Бұрынғы орталықтан келген Гдлян, Иванов дейтін қанқұйлы тергеушілер бастаған топтар ешқандай дәлел-айғақтарсыз қарапайым адамдардың үйлеріне басып кіріп, жанұя мүшелерін қорлады. Олар тіпті әйелдер мен қыздардың моншақ-сырғаларына дейін талап алды. Тұтқындалғандарды әбден қинап, өздері жапқан жаланы мойындастып, жалған құжаттарға қол қоюға мәжбүрледі.

Ал бұрынғы орталықтағы газет-журналдар орынсыз жала мен негіzsіз өсектерді қарша боратып, халқымызды бүкіл әлемге жаманатты қылуға тырысты.



Ислам Каримов 1989 жылы 23 маусымда Өзбекстан басшысы ретінде жұмыс бастаған соң, жар жағасына дерлік барып қалған жағдайды ондау, әділетті тіктеу үшін қатаң құресп жүргізуге кірісті (бұл туралы Елбасымыздың «O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітабында егжей-тегжейлі жазылған). Міне, осындай құрестердің нәтижесінде мындаған бейқұнә жандар бостандыққа шығып, бала-шагаларының құшағына қайтып оралды. Халқымыздың мұбарак аты ақталды, абырой-атағы тіктелді. Жерлестеріміз тағы да ұлттық өздігін мақтан тұтып өмір сұру мүмкіндігіне ие болды.



1991 жылы 31 тамызда Президент Ислам Каримов Өзбекстан тәуелсіздігін бүкіл әлемге жариялады.

Елбасымыздың ұлттық құндылықтарды қалпына келтіру саласындағы қызметі өз алдына бір тәбе. Оның бастамасымен тіліміз, дініміз, ұлттық өздігіміз, Наурыз, Рамазан, Құрбан айттары тақылеттес ұлттық мейрамдарымыз қайта тіктелді. Отандастарымыз қажылық және умра сапарларына емін-еркін барып келетін болды. Бұрындары аттары да, шығармалары да, тарихи қызметтері де бізге беймәлім болып келген көптеген ұлы бабаларымыз тағы өзімізге қайтып оралды. Бұдан бұрынғы сабактарымызда айтылғанында, ежелгі шаһарларымыздың тарихи даталары халықаралық шенберде мерекеленіп, ол жерлердегі сәулет ескерткіштері, тарихи жәдігерліктер түбегейлі жөндеуден шығарылды.

Бұғаңті таңда еліміздің барлық салаларында толағай табыстарға қол жеткізіліп, экономикалық әлеуетіміз, халықтың әл-ауқаты, Отанымыздың халықаралық мәртебесі мен абыройы еселеніп келеді. Қалалар мен ауыл-қыстақтардың шырайына-шырай, көркіне-көрік қосылып, көрген жанды тамсандыратын болды. Бұлардың барлығы да – Елбасымыздың алысты болжай билетін көрегендігі нәтижесінде жүзеге асырылып жатқан реформалардың арқасы.

Әсіресе 1997 жылы Президенттің бастамасымен жасалып, қабылданған Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасы елімізде 12 жылдық жалпыға міндетті әрі тегін оқу жүйесін енгізуде аса манызды рөл атқарды.

Бұрынғы жүйе кезеңінде мектептер мен балалар бакшаларын, тіпті, ағымдық жөндеуден шығару үшін де қаржы табылмайтын еді. Тәуелсіздік жылдарында, атап айтқанда, 2004-2009 жылдарда 1000-ға жуық жалпы білім мектептері түбегейлі реконструкциядан шығарылып, көпшілігі жаңадан салынды. Сонымен қатар елімізде 1500-ден астам лицей мен колледж, 69 жоғары оқу орны – университеттер, институттар, академиялар жастандардың терен білім алып, тәжірибе арттыруы үшін қызмет етуде.

Елбасымыздың ұлттық мемлекеттігімізді тіктеу, халық өмірінің барлық салаларын реформалау жолындағы қызметтері орасан зор, олардың барлығын біріндеп санап отырудың мүмкіндігі жок, әрине. Сондықтан да Президент Ислам Каримовтың есімі тәуелсіз мемлекеттіміздің, Отан-анамыздың рөмізіне айналып кеткен.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен теледидардан Президентіміздің сөздерін тындағансың ба?
2. Елбасымыздың қайсы сөздері есінде сақталып қалды?
3. Сен, Елбасымыз армандағандай, оку пәндерін, шет тілдерді жақсы менгерген, саламатты әрі кемел азамат болуға әрекет жасайсың ба? Қалай жасайсың?
4. Суреттерге зер сала отырып, мемлекет басшысының жастарға көніл бөлуі жөнінде әнгімелеп бер.



1



2



3

Практикалық жаттығу

ИМАМ БҰХАРИ ЕСКЕРТКІШ КЕШЕНИ

Қадірлі окушы, еліміздің әйгілі зиярат орындары, қасиетті де қастерлі жәдігерліктер жөнінде сөз қозғалғанда, жерлестеріміз де, шетелдік қонақтар мен туристер де Имам Бұхаридің ескерткіш кешенін алдымен тілге алады. Бұл құнды ескерткіш Самарқант облысының Пайарық ауданындағы Хартаң қыстағында орналасқан.



Имам Бұхари бүкіл мұсылман әлемінде мухаддистер (хадистанушылар) сұлтаны деп танылған.

Бұл ұлы тұлғаның қабірі әзім Самарқант қаласының солтүстігінде, бар-жоғы отыз шақырымдай қашықтықта орналасқанына қарамай, бұрынғы КСРО кезеңінде көп жылдар бойы қараусыз, күтімсіз қалып қойған. Бұл жерде ұлы әулие атамыздың қабірі бар екені ешкімнің қаперіне де кіріп-шықпаған. Бертін келе кездейсок бір себеппен Имам Бұхаридің қабірі анықталып, ол араға сиықсыздау кесене салынған.



«Хадис» — араб сөзі, ол хабар, жаңалық деген мағыналарды, Мұхаммед ғалейкісаламның айтқан сөздері, жасаған істері мен нұсқаулары жөніндегі аңыздарды білдіреді.

Имам Бұхаридің кесенесі тек төуелсіздік жылдарында фана жан-жақты көріктендіріліп, бүтінгі сөүлетті көрініске келтіріліп, қайта құрылды.



«Мұхаддис» те араб сөзі, ол хадисті уағызддаушы, оларды жинап, сұрыптаумен шұғылданушы ғұлама дегенді білдіреді.

Алғашында, анығырағы, 1997 жылдың желтоқсан айында Президент Ислам Каримовтың құзырында Имам Бұхари кешенінің жаңа жобасы талқыланды. Осы басқосуда Елбасымыз болашақ кешенінің ішкі және сыртқы көрінісі, ол жерде салынатын әрбір ғимарат, олардың күмбездері, қақпалары, тіпті бағандарының қандай болуы керектігі жөнінде құрылышылар мен мамандарға тиісті кеңестер берді.

«Имам Бұхари ескерткіш кешеніндегі бас нұкте — ғұламаның қабір-кесенесі, — деді Елбасы талқылау барысында. — Бұкіл дүние жүзінен миллиондаған адамдар келіп, ең алдымен сол қабірді тәу етеді. Сондықтан, менің ойымша, біз сөүлеткерлік шешімнің қақортасына Имам Бұхаридің қабір-кесенесін орнатуымыз керек».

Мемлекет басшысы аталмыш кешенінің өзіне тән сипаты мен ерекшелігі болуға тиіс екендігін қайта-қайта қадап айтты: «Бұл ескерткіштің өн бойынан ата-бабаларымыздан мұра болып қалған сөүлеткерлік үрдістер, шығыстық философияның жүргегі саналатын Самарқанттың, Бұхара мен Хиуаның тарихи жәдігерліктерінде суреттелген тенденсі жоқ құрылыш әдістері жарқын көрініс табуға тиіс».

Осы басқосуда кешенінің құрылыш материалдары қандай болуы керектігі жөнінде де сөз қозғалып, бұл мәселе бойынша да анық та айқын нұсқаулар беріледі: «Бізде ежелден-ақ тарихи-сөүлеткерлік ескерткіштер күйдірілген кірпіштен қаланған. Бұнда табиғи климат жағдайлары, сыртқы ортаның әсері жан-жақты ескеріледі. Ғимараттардың қабырғаларын фана емес, аула-лары, мешіт-медреселердің едендері де күйдірілген, яғни «мұсыл-



Имам Бұхари кесенесі

на айрықша көніл бөлген жөн. Шынар, арша, жаңғақ және гүжім секілді жергілікті ағаштардан жасалса тіпті жақсы. Ұстындардың бір бөлігін Хорезм шеберлеріне, бір бөлігін Самарқант пен Бұхара шеберлеріне, тағы бір бөлігін ферғаналық шеберлерге тапсыру керек. Бастирма мандайшаларын өрнектеу істеріне де барлық облыстардың шеберлері қатысса, бұл шын мәніндегі жалпыұлттық әрі жалпыхалықтық жәдігерлік болады».

Сәулеткерлер, құрылышылар мен шеберлер Елбасының сөздерінен шабыттанып, үлкен күш-жігермен іске кірісті. Эне сол пікір-ұсыныстар негізінде Имам Бұхари кешені жобасының бүтіндей жаңа үлгісі жасалды. Одан кейін де Президент бұл тақырыпқа бірнеше рет қайта оралып, әр кез тың пікірлер мен ұсыныстар айтып, жобаны толықтырып, байытып отырды. Ал 1998 жылдың жазында құрылыш алаңына барып, жүзеге асырылып жатқан жұмыстардың барысымен танысты, құрылышылармен және мамандармен ойласып, бағалы нұсқаулар мен кеңестер берді.

мани» кірпіштен қаланады. Имам Бұхари кешенінің құрылышында біз де солай жасауымыз керек».

Президент ата-бабаларымыздың қолымен салынған көне ғимараттардың ең негізгі жақтарына назар аударып, ойын одан ары жалғастырады: «Біріншісі – кірпіш, екіншісі – бағандар. Ұлттық құрылышшылығымыздың екі негізгі тірегі осы. Сондықтан да Имам Бұхари мешіт-медресесі кешенінің құрылышына «мұсылмани» кірпіш тауып қолданасындар. Тағы бір ұсыныс, кесененің екі жағында алды ашық үлкен бастирма құру жөнінде де ойлап көрү қажет. Бастирмага жетпіс төрт оймалы ұстын орнатылса, оның бейнесі қайталанбас сипатта болар еді. Ұстындардың сапасына, әсіреле ағашы-

ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ ӨТЕУІ

Ақыры 1998 жылдың қазан айында кешеннің құрылышы аяқталды. Ол 23 қазан күні Имам Бұхаридің 1225 жылдық мерейтойы құрметіне салтанатты түрде ашылды. Сол күні ұлы бабамыздың мерейтойына байланысты әлемнің түрлі мемлекеттерінен бұл жерге келген құрметті қонақтар – көрнекті діни ғұламалар, ғылым-білім және мәдениет қайраткерлері, халықаралық ұйымдардың өкілдері мен жерлестеріміз алдында Елбасымыз сөз сөйледі. Әсіресе мемлекет басшысының мына сөздері барлық қатысушылардың көкейінен, жүректерінің төрінен лайықты орын алды:



«Қасиетті құран аятында атап көрсетілгеніндей, »Жақсылықтың өтеуі тек жақсылық болып табылады»...

... Азаттығымыздың бастапқы жылдарынан-ақ біз Имам Бұхаридің кесенесін сол ұлы тұлғаның абырай-құрметіне лайықты етіп, айнала-төңірегі кіршіксіз таза ортаға, зияратқа келген момын-мұсылмандарға рухани құш-куат беретін киелі орынға айналдыруға ниеттенген едік. Алланың қолдауымен осынау ізгі ниетіміз орындалған мына құтты күні мен бұл сәулетті ескерткіш кешенінің жай әншейін зиярат орны емес, бәлкім көрікті Өзбекстаннымызды бүкіл әлемге танытатын, жас үрпақты ізгілікке тәрбиелейтін, әрбір адамды өмір мен мәңгілік жөнінде ойландыратын ғазиз орын болып қалатынына сенемін»¹.

Расында да осынау құнды ескерткіш халқымыздың, Отанымыздың ұлы хадистанушы перзентіне, оның пәк рухына жоғары құрмет пен бас июндің іс жүзіндік дәлелі болып қалды.



Имам Бұхари кешенінің жалпы алаңы 10 гектарды құрайды. Үлкен қакпадан ішке кірісінмен-ақ Имам Бұхари бабамыздың сәулетті кесенесі мен мұндалап тұрады.

¹ **Ислам Каримов.** Ma’naviy yuksalish yo‘lida. –Т.: «Узбекистон» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 1998 жыл, 444-, 450-беттер.

Ол көгілдір күмбезді, асыл тастармен, шығыстық ұлгідегі ою-өрнектермен безендірілген. Кесененің қос қапталында алды ашиқ, жетпіс төрт оймалы ұстыннан тұратын үлкен бастырма құрылған.

Бастырманың шынар, арша, жаңғақ және гүжім ағаштарынан жасалған оймалы ұстындары хорезмдік, самарқандтық, бұхаралық және ферғаналық ағаш шеберлерінің қолдарынан шыққан. Бастырма мандайшаларын өрнектеу істерінде еліміздің барлық облыстарынан келген ағаш шеберлері мен оймашылардың қолтаңбалары бар. Осылайша Имам Бұхари кешені шын мәніндегі жалпыұлттық, жалпыхалықтық маңызы бар ескерткішке айналды.

Бұгінгі танда аталмыш зиярат орнына елімізден, әлемдегі өзге мұсылман мемлекеттерінен жүздеген, мындаған адамдар келіп жатыр. Олар Имам Бұхаридің құрметіне тағым етіп, кешенді үлкен қызығумен тамашалайды.




Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен бірер хадисті жатқа білесін бе?
2. Имам Бұхаридің қабірі ескі жүйе кезінде неліктен караусыз қалған?
3. Имам Бұхари кесенесін суреттердегі Әмір Темір және Имам Мотуриди кесенелерімен салыстыр. Олардың күмбездері мен ою-өрнектерінде қандай айырмашылықтар бар?



1



2



3

ОТАНЫМЫЗДЫҢ РӘМІЗДЕРІ

Қадірлі оқушы, адамдар жер бетіндегі заттар мен құбылыстарды, олардың ерекшеліктері мен белгілерін анық сипаттау үшін түрлі рәміздерді пайдаланады. Бұндай рәміздер пішініне, мәнмазмұнына сәйкес бір-бірінен өзгешелеу болады. Ерте замандарда адамдар құдайды өздерінше ұғынып, алуан түрлі ескерткіш бейнелер, идолдар (бұт) және сәнемдер жасаған. Бұндай рәміздерде құдайлар бірде адам түрінде, тағы бірде періште түрінде бейнеленген. Әсіреке көркем әдебиеттерде рәміздер өте көп. Мәселен, біз оқыған өлендерде, әңгімелер мен ертегілерде ана мейірімі күннің шуағына, сұлу қыздар айға, батыр жігіттер арыстанға, олардың жүйрік аттары желге немесе наизағайға теңестіріледі. Бұлардың барлығы да көркем рәміздер деп аталады.



Рәміз – белгілі бір заттың сипаты, ұқсасы, оның мәнмазмұнын өз бойына жинақтаған символдық бейнесі.

Дүниедегі ең ұлы да фазис құндылық болғандыктан, Отаның да рәміздері көп. Отан рәміздері ресми және бейресми, тарихи немесе заманауи болуы мүмкін. Біздің еліміздің мемлекеттік рәміздері – ту, елтаңба және әнұран. Сонымен қатар Президент, парламент, үкімет, Конституция, мемлекеттік тіл, астана, ұлттық валюта да мемлекеттігіміздің ең маңызды белгілері, рәміздері болып саналады.



Ресми белгілердің мағына-мазмұны, қалыбы мемлекеттің Конституциясында және басқа заңдарында арнайы белгіленеді. Олар Отанымыздың қадір-құрметтінің, тәуелсіздігі мен егемендігінің белгісі ретінде заңмен қоргалады. Оларды білу, құрметтеу және көздің қараашығындаң сактау әрбір азаматтың борышы болып табылады.



Отанның қасиетті рәміздері халықты бірлестіріп, оны бірыңғай мақсатқа қарай жұмылдыруға, кез келген жағдайда да өз елінің мұдделері үшін құресуге шақырады.

! Өзбекстан Республикасының мемлекеттік туы 1991 жылы 18 қарашада қабылданған.

Тудағы көгілдір тұс – өміршендікті бейнелейтін түпсіз тұнғиық аспан мен судың рәмізі. Ақ тұс – бейбітшіліктің рәмізі, ол халқымыздың ізгі ниетті ұмтылыстарын өз бойына жинақтаған. Ал жасыл тұс табиғаттың жанаруының белгісі болып табылады. Ол ерте замандардан бері жастықтың, үміттің, шаттықтың белгісі саналып келеді. Тудағы қызыл жолақтар – халқымыздың жан-дуниесіндегі күш-қайрат пен құдіреттің белгісі. Ол тәуелсіздік жолындағы құрестер мағынасын да білдіреді. Жарты ай бейнесі халқымыздың ислам діні дәстүрлеріне адалдығымен тығыз байланысты, ол жаңа өмірді, яғни тәуелсіздікті бейнелейді. Тудағы он екі жұлдыз – он екі гарыш ғаламшарын білдіреді.

! Өзбекстан Республикасының мемлекеттік елтаңбасы 1992 жылы 2 шілдеде қабылданған.

Елтаңбаның сол жағында бидай масақтары, ал оң жағында ашылып тұрған мақта бұтақтары тудың бейнесі түсірілген тас-памен оралған. Елтаңбаның ортасында алыстан көрінген таулар мен өзендерге тұтасқан аңғар бойына алтын күн өз нұрын шашып тұр. Елтаңбаның жоғарғы бөлігінде шығыста мусамман деп аталатын сегіз қырлы жұлдыз бейнеленген. Мусамманның ішінде жарты ай мен жұлдыз бар. Елтаңбаның алдыңғы бөлігінің орта

түсінде қанатын жайған Жалын құсы тұр. Ал төменгі бөлігінде Өзбекстан Республикасының туын бейнелейтін таспаның ортасына «Өзбекстан» деген сөз жазылған.



*Қадірлі оқушы, дүкенде екі әдемі футболка тұр делік.
Оның біреуіне біздің мемлекетіміздің елтаңбасы, ал
екіншісіне шетелдік әйгілі футболшының суреті түсі-
рілген. Сен олардың қайсысын таңдайсың?*

! Өзбекстанның мемлекеттік әнұраны 1992 жылы 10 желтоқсанда қабылданған. Оның сөзін Өзбекстан Қаһарманы Абдулла Орипов, ал әнін сазгер Мутаваккил Бурханов жазған.

Мемлекеттік әнұранда Отанымыздың қайталанбас сұлулығы, халқымыздың жоғары адамгершілік қасиеттері, тәуелсіздігіміздің мәнгілігі, жарқын келешегіміз, Отанның тірегі жас үрпақ екені жырланады.

! Өзбекстан азаматы болып саналатын әрбір адам мемлекеттік әнұранды жатқа білуге және оның мағынасын терең түсініп орындауға міндетті.

Дүниеде бейресми рәміздер де көп. Мәселен, Америка Құрама Штаттары дегенде бұл елдегі Азаттық ескерткішін, Франция дегенде – Эйфель мұнарасын, Қытай Халық Республикасы дегенде – Ұлы Қытай қорғанын, Үндістан дегенде – Тәжмахал ескерткішін көз алдымыздың келтіреміз. Ал біздің еліміз туралы әнгіме қозғалғанда, көшілік Самарқант, Бұхара, Хиуа және Ташкент сияқты ежелгі қалаларды, Регистан, Арқ, Хазірет Имам сынды сәулет ескерткіштерін, Бұхари, Термізи, Хорезми, Самарқанди, Тошканди секілді аттармен әлемге танылған ұлы ғұламаларымызды еске алады.

Өзіміз де Отаннан жырақта жүріп, оны сағынсақ, бал татыған жеміс-жидектерін, әсемдігіне тіл жетпейтін қалалары мен ауылдарын, қарапайым да кішіпейіл адамдарын еске аламыз. Осылардың барлығының бейнесінен жанымыздан да артық Отанымызды көргендей боламыз.

ОТАН САҒЫНЫШЫ

Тағдырдың талабымен Үндістан топырағында өмір сүріп, сол өлкеде құдіретті мемлекеттің негізін қалаған Захириддин Мұхаммед Бабыр бабамыз әрқашан туған отанын сағынып өмір сүрген. Бұл ұлы тұлға үшін сүйекті өлкесінен әкелінген, оны еске түсіретін кез келген зат Отанының бейнесі болып көрінеді. Оның жазғандарына қарағанда, елімізден апарылған қауынды иіскей тұрып, жас балаша өксіп жылаған екен. Өйткені сол сәтте ол Отанының ісін сезгендей болады, балалық шағы өткен жылдарды ансайды. Атқа мініп Отанына қарай шаба жөнелгісі, қанат байлад құстай ұшып кеткісі келеді. Өкінішке орай жолдың ұзақтығы, үнді топырағындағы мемлекеттік істермен қолы байланып қалғандығы себепті жүргегінде зіл-батпан болып жатқан бұл арманын жүзеге асырудың лажын таппайды.

Отанымыздың тарихи рәміздері дегенде, ежелгі қалаларымыз берілген кезеңдерде олардың рәмізі болып келе жатқан жәдігерліктердің көз алдымыздың қазіргі арман-ұмтылыстарын бейнелейді. Мәселен, көне Бұхараның қақ ортасындағы Минораи Калон жәдігерлігі көп жылдар бойы бұл қаланың өзіндік рәмізі болып келді. Ал 2010 жылы Елбасымыздың бастамасымен бой көтерген «Көне әрі мәңгілік Бұхара» монументі осынау қасиетті топырактың көркемдік әдіспен жасалған заманалық рәмізіне айналды.

Ұлы Сайыпқыран бабамыз Шахрисабздегі сөүлетті Ақсарайды өз күш-құдіретінің белгісі ретінде салдырған. Сол себепті оның мандайшасына «Кімде-кім біздің күш-құдіретімізге шубә келтірсе, салдырған ғимараттарымызды көрсін» деген сөздерді жаздырып қойған. 1996 жылы осы жәдігерлікке тұтасып жатқан аланда Әмір Темірдің ескерткіші орнатылды. Бүгінде ол қаланың заманалық рәмізіне айналған.

Самарқанттағы Шохи-зинда, Бибіханым, Регистан жәдігерліктері қатарына тәуелсіздік жылдарында қосылған Имам Бұхари,

Имам Мотуриди кешендері мен басқа да ескерткіштер еліміздің ежелгі рәміздерін көздің қарашығындағы абайлап сактаумен қатар, халқымыздың бүгінгі арман-ұмтылыстарының, жасампаздық істерінің жарқын бейнесі болып табылатын заманауи рәміздерге де үлкен назар аударылып отырғанын дәлелдейді. Мәселен, Отанымыздың астанасы – Ташкент қаласындағы Тәуелсіздік алаңында құрылған Ізгілік аркасы, Тәуелсіздік және ізгілік монументі халқымыздың ұлы арман-ұмтылыстарының рәміздері болып саналады. Біз бұл рәміздердің әрқайсысынан Отанымыздың әсем де қайталаңбас көркін көреміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:



1. Сен өз қалаңың немесе ауылыңың рәмізін нелерден көреңің?
2. Шетелдік қонақтарға Өзбекстанның рәмізі ретінде нені тарту еткен болар едің?
3. Еліміздің мемлекеттік әнұранын орынданап бер.
4. Суреттер арасынан тарихи және заманауи рәміздерді көрсет.



Практикалық жаттығу

ӨЗБЕКСТАН КОНСТИТУЦИЯСЫ

Қадірлі оқушы, Өзбекстан Конституциясы – Отанымыз тәуелсіздігінің ұлы рәміздерінің бірі, әрбір отандасымыздың құқықтары мен бостандықтарын құқықтық тұрғыдан кепілдейтін басты құжат. Елімізде қабылданатын барлық зандар Конституцияға сәйкес дайындалады, бекітіледі және өмірге енгізіледі. Сондықтан да Конституцияны Негізгі Зан деп атайды.



«Конституция» – латын сөзі, ол орнату, түзілу деген мағыналарды білдіреді. Бүгінгі таңда адамның, мемлекет пен қоғамның құқықтары мен міндеттемелерін жсан-жасақты реттеп отыратын, жоғары заңдық қүші бар, басқа заңдарға негіз әрі мемлекет тәуелсіздігінің кепілі болып қызмет ететін заң құжаты мағынасында қолданылады.



Конституция көлеміне қарағанда оншалықты үлкен болмағанымен, мемлекетіміздің саяси құрылышы, әлеуметтік-экономикалық дамуы, мемлекет пен азаматтың, қоғамдық құрылымдардың барша құқықтары мен міндеттемелеріне қатысты мәселелерді қамтитыны, олардың құқықтық негізін белгілейтіндігі үшін оны өміріміздің басты энциклопедиясы дейміз.



Конституция халқымыздың, мемлекет пен қоғамның өмірінде, дамуында басты рөл атқаратындықтан, оны әрқайсысымыз терең үйренуге, күнделікті тұрмыста, окумен жұмыста оның талаптарына сүйеніп жасауға тиіспіз. Бұл – барлығымыздың азаматтық парызымыз.

Конституция – мемлекеттің құқықтық негізі, іргетасы. Бұл негізді қалаған, нығайтқан, яғни Конституцияны жасау мен жетілдіре түсудің негізгі бастамашысы да – Елбасымыздың өзі.



Өзбекстан Конституциясы 1992 жылы 8 желтоқсанда қабылданған.

Аталмыш дата елімізде жыл сайын Конституция күні ретінде мерекеленеді. Осы мейрам қарсаңында Елбасымыз Ақсарай резиденциясында Отанымыздың жоғары атақтарымен, орден-медальдарымен марапатталған жерлестерімізге бұл марапаттарды салтанатты түрде тапсырады. Бұндай шаралар астанамыз Ташкент қаласында, сондай-ақ облыстарда да өткізіледі.



Өзбекстан Конституциясының 13-бабына сәйкес «адам мен оның өмірі, бостандықтары, ар-ожданы, қадір-құрметі және басқа қол сұғуға болмайтын құқықтары жоғары құндылықтар болып саналады»¹.



Жоғарыда тілге алынған рәсімдердің нақ Конституция мерекесі күндерінде өткізілуін «адам мен оның өмірі, бостандықтары, ар-ожданы, қадір-құрметі және басқа қол сұғуға болмайтын құқықтары жоғары құндылықтар болып саналады» деген ережемен байланыстыра туғындырып бер.

Сол күндері Ташкент қаласындағы «Өзбекстан» форумдар сарайында Конституция күніне арналған тағы бір үлкен салтанат өткізіледі. Онда Президент Ислам Каримов баяндама жасап, тәуелсіз Өзбекстанның гүлденіп-дамуында Конституцияның рөлі өлшеусіз екені, Негізгі Заңымызда белгіленген мақсат-міндеттерді жүзеге асыру жолында халқымыздың қандай жетістіктерге қол жеткізгені, сонымен қатар алдымызда тұрған өзекті мәселелер бойынша тың пікірлер мен идеяларды ұсынады.

Елімізде 1997 жылдан бері әрбір жылға арнайы атау беріліп келеді. Әрбір жыл бойынша мемлекеттік бағдарлама қабылданып, қомақты жұмыстар атқарылып жатыр. Міне, осындағанда Конституция күнінде белгіленеді.



Өзбекстан Конституциясы «Кіріспеден», 6 бөлімнен, 26 тараудан, 128 баптан тұрады.

Конституцияда елімізде жасайтын бірер адамның, әлеуметтік топ пен қабаттың мүдделері, құқықтары мен бостандықтары назардан тыс қалмаған. Сондықтан да оны бүкіл қоғамды бірлестіруге қызмет ететін жалпылттық құжат, халықтық санауың құнды үлгісі деп атайды. Солардың қатарында сен секілді

¹ Өзбекстан Республикасының Конституциясы. –Т.: «Узбекистон» баспа-полиграфия шығармашылық үйі, 2014 жыл, 6-бет.

жастардың да құқық-мұдделері Негізгі Занымыздан өз көрінісін тапқан. Мәселен, «Әркім білім алуға құқылы. Тегін жалпы білім алу мемлекет тарапынан кепілденеді» (41-бап), «Аналық пен балалық мемлекет тарапынан қоргалады» (65-бап) тәрізді бірқатар ережелер мен өлшемдер осыны дәлелдеп тұр.



Біз Отанымызды шын жүректен сүйетін, оған шексіз берілгендей танытып, жанқиярлықпен өмір сүретін сана-лы азамат болу үшін Конституцияны, сол негізде қабылданған заңдарды жақсы білуге тиіспіз. Бұл бізге өмірден дұрыс жолды таңдауымызға, түрлі проблемаларды ақылмен шешуге көмектеседі.

Негізгі Заң біз үшін қайрат пен жігердің, мақтаныш пен абырайдың қайнары болып табылады. Оның әрбір бабын оқыған сайын, ол берген мүмкіндіктерді пайдаланып, өз алдымызыға қо-йылған ізгі мақсаттарға қол жеткізген сайын біз қандай ұлы халық екенімізді, ұлы Отанның перзенті екенімізді шын жүрек-тен сезінеміз. Одан жігерленіп, бұрынғыдан да биік межелерді иелеуге үмтүлсып өмір сүреміз.



Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сен өзіннің тегін білім алу құқығынды қалай пайдаланып жүрсін?
2. Өзіннің тағы қандай құқықтарынды білесін?
3. Сен Конституцияны үйренуді қалайсың ба?
4. Мына суреттерге қарап, Конституцияда белгіленген адам құқықтары жөнінде әңгімлеп бер.



1



2



3



4

КАЙТАЛАУ

«ӨЗБЕКСТАН ДЕГЕН АТЫ БАР» ТАҚЫРЫНЫ БОЙЫНША СҮРАКТАР



1. Өзбекстан кайсы аймаққа орналасқан?
 2. Еліміз қайсы мемлекеттермен шекаралас?
 3. Өзбекстанның жалпы жер алаңы қанша?
 4. Мемлекет аумағынан қандай ірі өзендер ағып өтеді?
 5. Ел аумағы қайсы таулармен қоршалған?
 6. Суреттерге қарап, елімізде қандай автомобиль зауыттары бар екенін айт.



ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

4. Мемлекет аумағынан Орталық Азияның қандай ірі өзендері ағып өтеді?

- A) Ақдария мен Қарадария C) Өмудария мен Сырдария
B) Қашқадария мен Сұрхандария D) Волга мен Днепр

«ӨЗБЕКСТАН ХАЛҚЫ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР



1. «Халық» сөзінің мағынасын түсіндір.
2. «Өзбекстан» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
3. «Өзбек халқы» және «Өзбекстан халқы» деген сөздер бірдей мағынаны білдіре ме?
4. Елімізде қанша ұлт пен ұлыстың өкілдері жасайды?
5. Негізгі Занда Өзбекстан халқы жөнінде не айтылған?
6. Суреттерге зер салып, өзбек халқының әлемдегі ең ежелгі халықтардың бірі екені жөнінде әңгімелеп бер.



ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Өзбекстан халқы дегендеге кімді түсінеміз?

- A) Өзбектерді D) Үлттына қарамастан Өзбекстан Республикасының азаматтарын
B) Еліміздің еңбекшілерін
C) Қала және қыстак тұрғындарын

2. «Халық» сөзі қандай мағынаны білдіреді?

- A) Халайық деген мағынаны C) Азамат деген мағынаны
B) Аламан деген мағынаны D) Жаратылған деген мағынаны

3. Өзбек халқы дегендеге кімдерді түсінеміз?

- A) Өзбекстандағы өзбектерді D) Әлемдегі өзбек ұлтына тән барлық адамдарды
B) Шетелдегі өзбектерді
C) Өзбек тілінде сөйлейтін халықты

4. Елімізде ...-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері жасайды.

- A) 130-дан астам
B) 100-ден астам
C) 50-ге жакын
D) 200-ден астам

«ӨЗБЕКСТАН МЕМЛЕКЕТІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР

1. Ертеде мемлекетіміздің аумағында қандай мемлекеттер болған?
 2. Әмір Темір қайсы қаланы өз мемлекетінің астанасы етіп белгілеген?
 3. Әмір Темір елімізді қандай басқыншылардан азат етті?
 4. Біз қашаннан бастап үлттық мемлекеттігімізді тіктеуге кірістік?
 5. Әлемдік қауымдастық дегенде нені түсінеміз?
 6. Өзбекстан қандай мемлекет?
 7. Суреттерге карай отырып, мемлекет жасап берген мүмкіндіктер туралы әнгімеле.



ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Қайсы ежелгі кітап біздің еліміз аумағында дүниеге келген?

- А) «Рамаяна»
Б) «Дон Кихот»
С) «Махабхарат»
Д) «Авесто»

2. «Орда» сөзі ... деген мағынаны білдіреді.

- A) Ортадағы орын, орталық
B) Кала
C) Қыстақ
D) Үй


3. Қайсы ұлы мемлекет қайраткери Самарқандты өз мемлекетінің астанасы етіп белгілеген?

- A) Абдуллахан
B) Жалолиддин Мангуберді

4. Өзбекстан БҮҮ-га мүшіе болған датаны белгіле.

«ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІ» ТАҚЫРЫНЫ БОЙЫНША СҮРАҚТАР

- ?(?)
1. Өзбекстан Республикасы Президентінің аты-жөнін толық айт.
 2. Президенттің Отан алдындағы тарихи қызметтері жөнінде нелерді білесін?
 3. 1990 жылғы 24 наурыз күні Өзбекстанда қандай басқару енгізілді?
 4. Өткен фасырдың 80-жылдарында елдегі жағдай неліктен қынданап кетті?
 5. 1989 жылы Өзбекстан басшысы ретінде жұмыс бастаған кім?
 6. Суреттер арасынан «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch» және «O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida» кітаптарын тауып, олардың авторы кім екенін айт.



① ② ③

ТЕСТ СҮРАҚТАРЫ

1. Өзбекстанда президенттік басқару қашан енгізілді?
A) 1991 жылы 31 тамыз C) 1990 жылы 24 наурыз
B) 1992 жылы 8 желтоқсан D) 1993 жылы 14 қантар
2. Елбасымыз Ислам Каримов Өзбекстан басшысы ретінде қашан жұмыс бастады?
A) 1986 жылы B) 1990 жылы C) 1989 жылы D) 1991 жылы
3. Президент Ислам Каримовтың тәуелсіздік қарсаңындағы Өзбекстан туралы жазылған кітабы қалай аталады?
A) «Yuksak ma'naviyat – yengilmas kuch»
B) «O'zbekiston mustaqillikka erishish ostonasida»
C) «Olloq qalbimizda, yuragimizda»
D) «Ma'naviy yuksalish yo'lida»
4. Күғын-сүргін құрбандарын еске алу күні
 - 9 мамыр
 - 22 маусым
 - 31 тамыз
 - 8 желтоқсан

«ОТАНЫМЫЗДЫҢ РӘМІЗДЕРІ» ТАҚЫРЫБЫ БОЙЫНША СҰРАҚТАР



1. Өзін сүйетін рәмізің бар ма?
2. Дәптерің немесе кітабың өзгелердікінен ерекшеленіп тұруы үшін қандай белгі қоясын?
3. Еліміздің мемлекеттік рәміздерін атап бер.
4. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік туы қашан қабылданған?
5. Мемлекеттік елтаңбасы ше?
6. Мемлекеттік әнұранның сөзі мен әнінің авторлары кімдер?
7. Суреттерге қарап, Отанымыздың рәміздері туралы әнгімелер.



ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

- 1. Еліміздің мемлекеттік рәміздері көрсетілген қатарды көрсет.**
A) Мемлекеттік ту, елтаңба, әнұран C) Таулар мен адырлар
B) Өзендер мен көлдер D) Мемлекеттік кенселер
- 2. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік туы қабылданған күнді тап.**
A) 1991 жылғы 1 қыркүйек C) 1992 жылғы 2 шілде
B) 1992 жылғы 8 желтоқсан D) 1991 жылғы 18 қараша
- 3. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы қашан қабылданған?**
A) 1997 жылғы 22 қыркүйек C) 1991 жылғы 18 қараша
B) 1991 жылғы 31 тамыз D) 1992 жылғы 2 шілде
- 4. Мемлекеттік әнұран сөзінің авторын тап.**
A) Мутаваккил Бурханов C) Чулпан
B) Әлішер Науай D) Абдулла Орипов
- 5. Мемлекеттік әнұран музыкасының авторын көрсет.**
A) Абдулла Орипов C) Юнус Ражаби
B) Мутаваккил Бурханов D) Анар Назаров

МАЗМУНЫ

Kіріспе	3
---------------	---

Бірінші тараяу. ТУҒАН ЕЛІМ – АЛТЫН БЕСІТІМ

Отан – біреу өрі қасиетті	6
<i>Практикалық жаттығу.</i> Тәуелсіздік алаңы	12
Отанды ұғыну	17
<i>Практикалық жаттығу.</i> Бейбітшілік – баға жетпес байлық ..	23
Отан сезімі	27
<i>Практикалық жаттығу.</i> Бұл қасиетті Отанда адам ғазиз ..	32
Жанұя – Отан рәмізі	37
<i>Практикалық жаттығу.</i> Кішкентай чемпиондар.....	42
Отанға сүйіспеншілік.....	46
<i>Практикалық жаттығу.</i> Сайыпқыран Әмір Темір	51
Қайталау	56

Екінші тараяу. ОТАН-АНАМЫЗ – АБЫРОЙ-МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Өзбекстан деген аты бар	62
<i>Практикалық жаттығу.</i> Өзбекстан ұлттық кітапханасы	67
Өзбекстан халқы	71
<i>Практикалық жаттығу.</i> Мырза Ұлықбек мұражайы	75
Өзбекстан мемлекеті	80
<i>Практикалық жаттығу.</i> Тәуелсіздік – ең алдымен	
құқық дегені	84
Өзбекстан Президенті	88
<i>Практикалық жаттығу.</i> Имам Бұхари ескерткіш кешені	92
Отанымыздың рәміздері	97
<i>Практикалық жаттығу.</i> Өзбекстан Конституциясы	101
Қайталау	105

XAYRIDDIN SULTONOV, MURTAZO QARSHIBOYEV

VATAN TUYG'USI

Umumiy o'rta ta'lif maktablarining 5-sinflari
uchun o'quv qo'llanmasi

(*Қозоқ тилида*)

To'ldirilgan va qayta ishlangan 4-nashri

Toshkent «Ma'naviyat» 2015

Аударған *A. Таиметов*
Редакторы *A. Рахманұлы*
Суретші *C. Соин*
Корректоры *F. Эсанбекова*
Компьютерде беттеген *Ш. Сохибов*

Лицензия АІ №189, 10.05.2011 жылы берілген. Басуға рұқсат етілді 16.06.2015. Қалыбы 70x90 1/16. Қарібі «Таймс». Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 8,19.
Есептік баспа табағы 6,82. Таралымы 5558 дана. Тапсырыс №15-280.

«Маънавият» баспасы. Ташкент, 2-Тараккىёт түйік көшесі, 2-үй. Келісім №27-15
Озбекистан Баспасөз және акпарат агенттігінің «Узбекистон» баспа-полиграфия шыгар-
машылық үйінде басылды. 100129, Ташкент, Науаи көшесі, 30-үй. 2015.

**Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын
көрсететін кесте**

P/c	Оқушының аты-жөні	Оку жылы	Оқулықтың алынғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылған дағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						

**Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады.
Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады:**

Жана	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгенде жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парактары бар, жыртылмаған, беттері шимайлланбаған.
Қанағаттанарлық	Мұқаба езілген, аздап шимайлланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Қанағаттанарлық емес	Мұқаба былғанған, сзыылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парактары жетіспейді, әбден шимайлланған. Оқулық пайдалануға жарамайды.